

ЗАН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

№4 | 2022

ZANMEDIA.KZ

**ТЕМІРЖАН
ҚҰДАБАЕВ,**

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ

№2 СОТЫНЫҢ СУДЬЯСЫ

**«ӨМІРЛІК
ҰСТАНЫМЫМ
АРДАН
АТТАМАУ»**

3-БЕТ



ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№4 | 2022

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АҒЫБАЕВ А. з.ғ.д.,
профессор

АЛАУХАНОВ Е. з.ғ.д.,
профессор

ӘБДІРАСҰЛОВ Е. з.ғ.д.

ӘБДІРАСҰЛОВ Б. б.ғ.д.,
профессор

БЕКТҰРҒАНОВ Ә. з.ғ.д.,
профессор

ДОСАЛИЕВ Қ. з.ғ.д.

СӘБІКЕНОВ С. з.ғ.д.,
профессор

БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.
профессор (Қырғызстан)

ТҰРМАҒАНБЕТОВА А.
дінтану магистрі

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

Теміржан ҚҰДАБАЕВ, Алматы қаласы Бостандық ауданы №2 сотының судьясы:

«ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫМ АРДАН АТТАМАУ»

Т. Смағұл

3

Қылмыстық істердегі дәлелдемелерді бағалау

Ж. Нурмаханова,

Қ. Байжанова,

Ғ. Дулатов

12

Құқықтық жаза қажет пе?

Қ. Терлікбаев

16

Бітімгершілікті ұстануда ұтарымыз көп

Ә. Медеубекова

18

Мемлекеттік тілдің саяси-құқықтық мәртебесі

Д. Гильманова

21

БҰҰ мемлекеттерінде тауарлар мен қызметтерді дараландыру

құралдарын қорғау

К. Укибаева

23

Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша сот актісін қайта қарау

Б. Басырбаев

27

Басқарушылық және әкімшілік процестер

(құқықтық реттеу теориясы мен перспективасы)

Д. Махамбетсалиев

31

Моральдық шығынды өндіру ерекшеліктері

А. Нұрғалиева

36

Әкімшілік процеске қатысушы өзге адамдардың айырмашылығы

С. Қойтекеева

40

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

Теміржан Құдабаев жақсы атымен, абыройлы еңбегімен, сабырлы мінезімен, халықшыл қалыбымен танылған қарапайым жан. Өнегелі ғұмырының 30 жылын судьялық қызметке арнаса, оның 14 жылында бірнеше аудандық сотты басқарды. Атап айтқанда, Алматы облысының Көксу, Райымбек, Кербұлақ №2 аудандық соттарына төрағалық етіп, тағылымды ұйымдастырушы, білікті басшы ретінде көрінді. Бүгінгі күні Теміржан Әкімбайұлы Алматы қаласының Бостандық ауданы №2 сотында әділ сот төрелігін атқаруда.

Судьяның өмір жолына көз салсақ, ол Алматы облысының Нарынқол ауданындағы Малкөде ауылында қарапайым отбасында дүниеге келді. Әкесі Әкімбай Сталинградты қорғауға қатысқан Ұлы Отан соғысының ардагері. Ал, анасы Әртай тым ардагері әрі «Алтын алқа» иегері.

Соғыстан бір қолынан айырылып қайтқан әкесіне қолқабыс етуді ойлаған Теміржан мектеп бітіре сала еңбекке араласты. Колхозда жұмысшы болып жүргенінде әскерге шақырылды. Отан алдындағы азаматтық борышын абыроймен өтеп келіп, жұмысын әрі қарай жалғастырды. Ата-анасының, бауырларының қамымен жүріп бала күнгі арманы, алға қойған мақсаты жоғары білім алуды даңымтқан жоқ. 1982 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің заң факультетіне оқуға түсті. Университетті үздік бітіріп, заңгер мамандығын алды.

Жас маман заңгерлік жолын Мелек аудандық ішкі істер бөлімінде тергеуші болып бастады. Бес жылғы тынымсыз әрі тиянақты еңбегі, сондай-ақ, өз ісіне деген жоғары жауапкершілігі мәртебелі қызметке жол ашты. Яғни, сол кездегі тәртіп бойынша кадрларды іріктеу кеңесі оны арнайы шақыртып кандидатурасын, судьялық резервке қойды. Екі жылдан соң Мелек аудандық сотына судья болды.

Ұлы Азан мен қызы Айсұлу заңгерлікті таңдап, өмірден өз орындарын тапты. Кішкентайлары Әмина мен Заңғар мектепте оқып жүр. Олар оқу озаттары. Балаларының мақсатқа жету үшін талмай тер төгіп, ізденуі, соның нәтижесінде түзу тірлік кешуі ата-ана үшін баға жетпес бақыт. Осы жағынан алғанда, Теміржан ағамыз балалары сенімін ақтаған бақытты әке ғана емес, немерелерінің қызығына бөленген ата.

Сот жүйесінің өркендеуіне зор үлес қосқан судья биыл 63-ке толды. Соған орай, Теміржан Әкімбайұлымен жасаған сұхбатымызды оқырмандарға ұсынамыз.



Теміржан ҚҰДАБАЕВ,
Алматы қаласы Бостандық ауданы №2 сотының судьясы:

«ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫМ АРДАН АТТАМАУ»

– Теміржан Әкімбайұлы, 30 жылдан бері судьялық қызметтесіз. Сіз сотқа келген кез бен бүгінге дейінгі аралықта сала жұмысын түбегейлі оңтайландырған жаңалық ретінде нені атар едіңіз?

– Сот саласына тәуелсіздіктің алғашқы жылдары келдім. Аталған жүйе көз алдымызда жанданып, жаңғырды. Тың реформалар жүзеге асып, сала жұмысы заманмен бірге жаңа бағытта дамыды. Солардың ішінде атап айтарлығы, заманауи технологиялардың ендірілуі. Мысалы, ол заманда бүгінгідей компьютер, интернет болған жоқ. Сот үкімін қолмен жазып, машинистер бюросына өткізетінбіз. Олар оны машинкаға басып көбейтіп беретін. Мұның бәрі бүгінде көрген түстей өте шықты.

Заманауи технологиялар жұмысымызды жеңілдетіп қана қойған жоқ, сонымен қа-



Лебіз

Серік БАЙБАТЫРОВ,
Құрметті судья:

«ЕЛІ СӨЗІН ТЫҢДАЙТЫН АЗАМАТ»

Теміржан өте тәжірибелі әрі сауатты судья. Оны танып-білгелі тек жақсы қырынан көріп келемін. Артынан жағымсыз сөз ертпеген таза судья. Біраз аудандық сотты басқарып, жоғары қызметте болса да атына кір келтірмей, абыроймен атқарды. Мен Алматы облысына барғанда ол Еңбекшіқазақ ауданында жұмыс істеп жүрді. Теміржанның тек өзін емес отбасын да жақсы білемін. Судьялардың ішінде абыройлы, елі сөзін тыңдайтын азамат.

Теміржан қоғамдық жұмыстарда да өзін көрсете білді. Ұйымдастырушылық қабілеті жоғары. Кішіпейіл, қай жерде жүрсе де «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» танытатын ақкөңіл адам. Алматы облыстық сотының волейбол командасында ойнады. Мықты ойыншы. Сол кездері команда бірнеше рет чемпион болды.

Теміржан өмір жолында еңбексүйгіштік, қоғамдық белсенділікпен ерекшеленіп, нағыз азаматтық қасиеттерімен таныла білген тұлға.

Ағалық ардақты асудан асып, ақсақалдық мерейлі кезеңге көтерілген ініме тек жақсылық тілеймін. Зейнет жасы құтты болсын, бала-шағасының қызығына бөленсін. Абыз ата атансын, өсіп-өнсін, ұрпақтарының мерейі үстем болсын!

тар, жалпы жүйенің дамуына жол ашты. Сондай-ақ, істер мен материалдар ешкімге артықшылық берілмей судьяларға компьютердің көмегімен автоматты түрде бөлінеді. Байқасаңыздар жұртшылық бұрынғыдай арыз-шағыммен сот ғимаратының алдында тұрмайды.

Себебі, халық сотқа «Сот кабинеті» сервисі арқылы шағымдарын беріп, өздеріне керекті анықтама, құжаттарды ала алады. Бұл, әрине, озық технологиялар жетістігінің жемісі. Тағы бір айта кетерлігі, сот отырыстарының дыбыс-бейне таспаға жазылуы адамдарды жауаптылыққа, сотты сыйлауға бейімдеп, негізсіз арыз-шағымды азайтты. Бұл тұрғыда тек сот саласында емес, жалпы қоғамда оң өзгерістер орын алды.

Заман талабына сай ендірілген жаңа ақпараттық технологиялар қағазбастылықтан арылтып, сот ісін жүргізудің ашықтығын қамтамасыз етті. Сот істерін тиімді шешудің жаңа тетіктерін қалыптастырды. Салада жүзеге асып жатқан реформалар сапалы қызмет пен әділ төрелік

орнату мақсатын көздейді және олар өз нәтижесін беруде.

– Қызметтегі ұстанымыңыз, істі қарау барысында қылмыс жасаушыға деген аяушылық сезім бола ма әлде күнделікті жұмыс ретінде қабылдайсыз ба?

– Судья жұмысының ауырлығы сырт көзге байқала бермейді. Небір қылмыстық істер, тағдырлар алдыға келеді. Соның барлығын өзіңнің бойыңнан, жан-жүрегіңнен өткізесің. Әрбір істі әділдік алаңында саралап, шешімін шығару қиын да, күрделі шаруа. «Сүрінбейтін тұяқ, жаңылмайтын жақ жоқ». Дегенмен, заң бұзғандар өз іс-әрекетіне жауап беруі тиіс.

Өмірде де, қызметте де басты ұстанымым заңға бағынып, ардан аттамау. Сондықтан, шешімді заң талаптарын басшылыққа алып, өзімнің ішкі наным-сеніміме сүйене отырып қабылдаймын. Істің ақ-қарасын анықтауда, оның әрбір тетігі маңызды. Материалдар

ды барынша екшеп, бағалай білу керекпіз. Қылмыстық әрекетке барғандардың артында қалған балаларына жаным ашиды. Асыраушысынан айырылғандардың ертеңі не болады? Алайда, өзгенің өмірін қиып, денсаулығына қауіп төндіргендерді ақтауға болмайды.

– Көп жағдайда адамды заң бұзушылыққа күнкөріс қамы итермелемейтін сияқты, Сіз қалай ойлайсыз?

– Жұмыс барысында байқағаным, ұрлық жасайтындардың да, тонайтындардың да басым көпшілігі ауылдан келген қаракөздер. Олар жаман жолға жан бағу қамымен түскендерін алға тартып жатады. Бірақ, бұл сылтау емес. Маңдай термен де нәпақа тауып, несібенді молайтуға болады. Сырт келбеттеріне қарасаң жамандыққа қимайтын әп-әдемі қыз-жігіттер. Өкініштісі, оңай олжаға кенелуді көксейді.

Мысалы, жеке қожалық иелерінің мә-

Лебіз

Тоғызбай НҰРСЕЙІТҰЛЫ, прокуратура ардагері:

«Текті жердің тумасы»

Теміржан Құдабаев текті жердің тумасы. Шелек ауданының ішкі істер бөлімінде тергеуші болған кезінен маған бауыр басып, туған інімдей болып кетті. Ол адамды өзінің адамгершілік, ақжарқын таза болмысымен өзіне тартатын жайсаң жігіт.

Өз білімділігінің, талпыныс-талабының арқасында судьялық міндетін де, төрағалық қызметін де жоғары деңгейде атқарып, зейнеткерлікке абыройымен шықты.

Інімнің зейнетке шығу құрметіне осы өлеңімді тарту еткім келеді.

* * *

Текті жерден шыққан азаматсың,
Көңілін қалдырмайтын адамзаттың.
Ала жібін аттамадың ешбір жанның
Содан болар өсіп-өніп келе жатсың.

Сыйың бар, абыройлы болып жүрсің,
Заңдылықты сақтайтын әділ бисің.
Абыройлы жолдарың ашық болсын
Сен менің інім болған бауырымсың.

Әрдайым жарқын болсын қадамың,
Қолдап жүрсін әруағы
Райымбек бабаңның.
Талабыңа нұр жауып көріне бер биіктен
Айналайын Теміржаным алтыным.

Уақыт шіркін тоқтамайды өтеді,
Біреу өмір бастаса,
енді бірі зейнетке кетеді.

Бақ та, тақ та қонды басыңа,
Сен де келдің зейнеткерлік жасына.
Елге мәлім адал қызмет еткенің,
Құрметтеп шығарып жатыр әріптестерің.

Осы жасқа жеткенде бар жетпегенде,
Тәубе дейін абыроймен жеткеніңе.
Әлі жассың еңбек ет өмір алда,
Зейнетке шықтым деп жатып алма.

Енді жиі қосылар бастарымыз,
Жолыңды жалғастырсын жастарымыз.
Сен сияқты адалдықты сақтап жүрсін,
Тектілікпен үмітімізді ақтап жүрсін.

Алтын інім зейнеткерлік құтты болсын,
Өмірің мәнді де, сәнді қуанышқа толсын.
Балаларың ізінді басып, өсіп-өнсін,
Шаңыраққа бар жақсылық әркез енсін!



Сот ұжымымен бірге

Лебіз

Ербол ЖАНҒАЗИН,

Солтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы:

«Мен курстасыммен мақтанамын»

Теміржанмен бірге қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне бірге түсіп, бірге аяқтадық. Университетте белсенді студент әрі топтың старостасы болды. Теміржанды адал еңбек етіп, жүйе жұмысының жандануына үлес қосқан судьялардың бірегейі деп білемін. Халқымызда «Ұлық болсаң, кішік бол» деген нақыл бар. Осы сөзді Теміржан өзінің өмірлік ұстанымына айналдырған азамат. Көдек ақынның «Жүреді жақсы кісі ізетпенен» деген сөзі Теміржанға арналғандай, қашан көрсең ізетті қалпынан таймайды. Сондықтан, мен әріптесімді тек жақсы жағынан сипаттай аламын.

Теміржан біраз ауқымды, қоғамдық резонанс тудыратын істерді абыроймен қарап, әділ шешім шығарды. Сондай кездері «біздің Теміржан ғой, халықтың сенімінен шығып жатыр» деп мақтанып аламын. Оны екінші қырынан қарасаң спортсмен, судьялар спартакиадаларында волейбол, футболдан белді ойыншылардың бірі болды. Барлық кезде қатарының алды болып жүрді. Алматы облысының волейболшылары бірнеше рет бас жүлдені иеленді. Жасы келсе де, жастармен бірдей қалыспай ойнайтынына таң қалатынымын. Адамгершілігі мықты.

Теміржан пайғамбар жасына толды. Өмір дегеннің өзі өткен күндермен есте қалады ғой. Уақыт жүйткіген жүрдек пойыз сияқты өте шықты. Бұл жастың өзі өткен ғұмырын ой елегінен өткізетін белес. Теміржанды шын жүректен құттықтаймын. Оған тек жақсылық, құрыштай мықты денсаулық тілеймін.



Анасы – Әртай

ліметінше, ауылдық жерлерде малшы табу қиын, техниканың тілін білетін механизаторлар жетіспейді. Тіпті, шағын кәсіп иелері 100-200 мың айлыққа да малшы таппай отырғандарын айтады. Сондықтан, жастар қалаға ұмтылмай, ауылға бет бұрып, бар жұмысты істеулері керек.

– Ақпарат көздері әйелдер арасында алаяқтықтың белең алғанын жоққа шығармайды. Тәжірибеден не байқадыңыз?

– Шынында да алаяқтықпен талай адамды зар қақсатқан әйелдер көбейді. Ұрлық-қарлық, тіпті, адам өмірін қиғандар да аз емес. Бұлардың басым бөлігінің отбасы бұзылып, баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырғандар. Сондықтан, бізге отбасы құндылығына, ұрпақ тәрбиесіне баса назар аудару керек.

Тәжірибеден айтсам, бір әйел алаяқтықпен екі рет келді. Бірінші жолы келтірген залалды орнына қойып, өз қатесін мойындады. Осы себепті, оған заң аясында бостандығынан айырмайтын жаза тағайындадым. Араға көп уақыт салмай әлгі әйелге қатысты екінші іс түсті. Бұл жолы да алаяқтық жасаған. Жәбірленушілер оның

Лебіз

Әлдибек ДОСЫМБЕКОВ,

Алматы облысы Көксу ауданы Мәслихатының төрағасы:

«Адамгершіліктің айнасы»

Отансүйгіштік сезім, рух ол біздің егеменді елімізді өркениетті мемлекеттер санатына қосып, олардың қатарынан орын алуға ықпал ететін алып қуаттардың бірі. Ал ол сезімдердің азаматтың бойынан табылуы, Отанға адал қызмет етумен жалғасады. Осындай мен танитын азаматтардың ішіндегі бірі әрі бірегейі Теміржан Құдабаев. Темекен байыптылығы мен іскерлігінің, кәсіби шеберлігі мен жоғары біліктілігінің арқасында халықтың ризашылығына бөленген азамат.

Біз 2002 жылдан бері таныспыз. Сол кезден бастап, жанұямызбен араласып, қуаныш пен қайғыны бірге бөліскен жақын дос болып кеттік.

Теміржан Алматы облысы Көксу ауданында 9 жылдай аудандық сот төрағасы болды. Осы уақытта, қарапайымдылығымен көпшіліктің ықыласына ие болды.

өзін-өзі ұстау шеберлігіне, «таныстарының мықтылығына» тәнті болды. Өйткені, оның кездесуге гелендваген көлігімен келіп, әкім-қаралармен телефон арқылы «сен» деп емен-жарқын сөйлескенін көрген соң пәтер алуға, жақсы жұмысқа орналасуға, қаладан жер алуға көмек сұрағандар айтқан ақшасын қолына ұстатқан. Елді алдап жеңіл ақша табуға төселген бұл әйелдің қателіктен сабақ алмауы оның түрмесіз түзелмейтінін көрсетті. Соған орай жаза да қатаң болды.

– Отандық заңдар жиі өзгертіліп, толықтырылады, мұның сот жұмысына қаншалықты әсері бар?

– Заңдардың уақыт талабына сай жаңаруы қоғамның сұранысынан туындайды. Бұдан отыз жыл бұрынғы Қылмыстық кодекс жұқа кітапша еді. Қазір ондағы баптар көбейді. Себебі, қылмыс түрі жыл сайын түрленуде. Оларды саралау үшін заңдар соған сай болуы керек. Жаңашылдықтардың бәрі азаматтар құқықтары мен бостандықтарын әділ қорғауға, сондай-ақ, соттар жұмысын жеңілдету бағытында жасалуда. Бір мысал айтсақ, бұрын судья бір істі қарап, үкім шығарғанша келесі істі бастамайтын. Бірнеше эпизодтан



Әкесі – Әкімбай

тұратын күрделі істерді қарау апта емес, айларға созылатын. Судья осы істің нүктесін қоям дегенше өндірістегі талай іс жатып қа-

Ауданға сіңірген еңбегі бағаланып «Көксу ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді. Теміржан, дүние жиған азамат емес, қасына дос жиған азамат.

Халқымызда «Ер – елінің қорғаны» деген аталы сөз бар. Осындай жандардың ержүрек істеріне сай сый-құрмет көрсете отырып, олардан өнеге алып өскен ұрпақ Отанына адал қызмет етеді. Теміржан жары Жұлдыз екеуі екі ұл екі қыз тәрбиелеп, алдын ұяға қондырып немере сүйді.

Дос болған 20 жылда оның қарапайымдылығы мен адамгершілігіне тәнті болып келемін.

Бүгінде сот саласындағы біліктілігі жоғары, беделі зор мамандардың бірі. Сапалы қызметі мен адал істері, азаматтық бітім-болмысы да көпке үлгі тұтарлық. Енді, міне, зейнет жасына жетіп, құрмет демалысына шығып жатыр. Өнегелі еңбегі мен тындырымды істері жастарға үлгі болсын!

Досыма қартаймас жайдары көңіл, мәнді де мағыналы өмір мен сарқылмас қуат тілеймін. Көңіліңіз шаттық пен қуанышқа, жанұяңыз бақ пен берекеге толсын. Мерейіңіз үстем, мәртебеңіз биік болсын!

латын. Заңнамадағы өзгерістерге орай қазіргі күні судья бірнеше істі қатар қарай береді. Мұның өзі қысқа, терең зерделеуді қажет етпейтін айқындалған істерді кешеуілдетпей қарауға мүмкіндік берді.

– Өмірдегі ауыр жағдайларда кімнен көбірек қолдау көрдіңіз?

– Адам болған соң Алла тағала көп сынақ береді екен. Арқа сүйер әке-шешеммен, құдай қосқан қосағым Флорамен, бауыр етім балам Алматымен мәңгілік қоштасу қабырғамды қайыстырып кетті. Ұлым есейіп, енді қызығын көреміз бе деген шағында, небәрі 15 жасында суға кетіп көз жұмды. Баланың қайғысын көтере алмай 45-інде жарым қайтыс болды. Бұл жағдайлар маған өте қатты тиді.

Алланың ісіне шара жоқ. Тірі адамның тіршілігін істері тағы анық. Қалған балаларымды жеткізу жауапкершілігі бар. Осындай қиын сәттерде анам мені барынша демеп, балаларға бас-көз болды. Күйзеліп жүргенімде үлгі тұтар аға, парасатты басшы, әріптесім Серік Кәтенұлы ақыл-кеңесін айтып, көп қолдау көрсетті. Туған-туыс, дос-жарандарға, әріптестеріме алғысым шексіз. Әрқайсысы өз хал-қадерінше көмегін тиігізді.

– Соттарда мемлекеттік тілде қаралатын істердің көңіл көншітпейтіні жасырын емес. Бұл ненің салдары?

– Мемлекеттік тілдің өз биігіне көтеріле алмауына баршамыз кінәліміз. Басқа саланы айтпай-ақ қояйын. Бүгінде сотқа түсетін



«Жетісу» волейбол командасы – жеңісті жылдар



Отбасы бас қосқан сәт

істердің басым бөлігі орыс тілінде қаралады. Себебі, заңға сай сотқа талап арыз қай тілде түссе, іс сол тілде жүргізіледі. Менің жанымды ауыртатыны сот отырысына қатысушылар, мысалы, жауапкер де, жәбірленуші де, адвокат, та, прокурор да, судья да бәрі қазақ. Бірақ, іс ресми тілде жүргізіледі. Қазақ пен қазақ аудармашы арқылы түсініседі. Бұдан артық қандай қасірет болуы мүмкін?

Тергеушілердің көбісі орыс тілді. Іске қатыстыру үшін қазақша білетін прокурор да болмай қалады. Мемлекеттік тілде қаралатын істер санын арттырып, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту үшін бірінші кезекте адвокаттар түзелу керек. Мемлекеттік тілді жақсы меңгергендерге ғана адвокаттық лицензия берілуі тиіс. Құқық қорғау органдарына да, соттарға да, жалпы, қызмет саласының бәріне осы талап міндеттелмей, тіл мәселесі түбегейлі шешілмейді. Мемлекеттік тілдің статусын нығайтатын кез келді.

– Алдағы жоспарыңызбен де бөлісе отырасыз?

– Отбасын құрған соң жауапкершілік жоғарылап, бала-шағаны асырау үшін жат-

пай-тұрмай жұмыс істеуге тура келді. Әкем марқұмның кез келген жұмысты істеуге мүмкіндігі болмады. Колхоз басшысына барып «қол жұмысына жарамасам да ат үстінде жүріп мал бағуға жараймын» деп жылқы алды. 33 жыл жылқы бақты. Әке-шешемізге аурытпалық салмау мақсатымен күндіз оқып, кешке жұмыс істедік. Өз жанымызды өзіміз бақтық. Жастық шақтың қалай өтіп кеткенін байқамай қалдық. Аллаға шүкір, бұл шаққа да жеттік.

Заң бойынша отставкадағы судья тек оқытушылық қызметімен ғана айналыса алады. Атыңа кір жұқтырмай қызмет ету де үлкен бақыт. Зейнетке шыққан соң балаларыма көмектескім келеді. Жұмыс деп жүріп оларға көп көңіл бөле алмадым. Сол олқылықты енді толтырып, уақытымды немерелерімді қазақи, халықшыл азамат етіп тәрбиелеуге арнасам деймін.

– Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет!

**Материалды дайындаған
Т. СМАҒҰЛ**

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРДЕГІ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ БАҒАЛАУ



Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодексінің 121-бабы 1-тармағына сәйкес іс – заңды, негізді және әділ шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында дәлелдемелерді жинаудан, зерттеуден, бағалаудан және пайдаланудан тұрады. Дәлелдеу сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша ғана жүргізіледі» [1].

Күдіктінің, айыпталушының қылмыстық жауаптылық негіздерінің және кінәсінің бар екенін дәлелдеу міндеті айыптаушыда болады. Осылайша, дәлелдеу процесінің түпкілікті нәтижесі ретінде заң іс бойынша

маңызды мән-жайларды қарастырады. Сондықтан, дәлелдеу заты – бұл дәлелдің негізінде анықталуға жататын мән жайлардың жиынтығы. Қылмыстық заңның ерекше бөлімнің баптары екі бөліктен (диспозиция

мен санкция) тұрса, ал дәлелдеу затының мәнін түсіну үшін Қылмыстық кодекс нормасында гипотеза ерекше орында.

Белгілі болғандай, қылмыстық заңның ерекше бөлімі үш элементтен (гипотеза, диспозиция мен санкция) тұратын мінсіз құрылым тікелей кездеспейді. Сонымен қатар, гипотезада, диспозицияда, санкцияның да нақты өз орындары бар. Бұл ретте, гипотеза қылмыстық заңның жалпы бөлімінде қамтылуы мүмкін. ҚР ҚК-тің 2-бабына сәйкес, оның міндеттеріне: адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтарын мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін сақтау, сондай-ақ, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылады. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін құқықтық нормада қылмыстық жауаптылық негіздері белгіленеді, жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қандай қауіпті іс-әрекеттердің қылмыстық құқық бұзушылықтар, яғни қылмыстар немесе қылмыстық теріс қылықтар болып табылатыны айқындалады, оларды жасағаны үшін жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары көрсетілген.

С.А. Комаровтың пікірінше, «гипотеза белгілі бір не өзге фактілердің заңды біліктілігін анықтайтын (жағдайлар, оқиғалар, актілер, құқықтық қатынастардың динамикасы, т.б. құқықтық әсер құқықтық іс-әрекеттің механизміне ғана қатысты болады. Сонымен қатар, диспозиция мен санкциялардың құқықтық қатынастары, яғни құқықтық реттеу тетігі арқылы жүзеге асырылады. Қоғамдық қарым-қатынасқа қатысушыларға бағытталған құқықтық нормада диспозиция тиісті мінез-құлыққа деген сұранысты қалыптастырады. Құқықтық норманы санкциялау қоғамдық қатынасқа қатысушы, берілген бағыттан ауытқыған жағдайда, диспозицияны реттеуге ықпал

ететін қажетті қосымша құрал ретінде қарастырылуы мүмкін» [1]. Диспозицияның ерекшелігі ол іс-әрекетті жасауға тыйым салудан және ол үшін жазаның болуына орай қылмыстық құқықбұзушылықтың салдарынан пайда болған қатынастарға байланысты. Сонымен қатар, қылмыстық құқық нормасының диспозициясы жалпы қылмыстық құқықтық тыйым арқылы субъектінің қарым қатынасына тікелей қатысты болады.

А.В. Мицкевичтің пікірі бойынша «гипотеза сондай-ақ, өзге де әрекеттер іс жүзінде көрсетілмесе де қолданыла береді» деген болатын [2]. Э.Э. Дуйсенов пен Ч.М. Токтоназаровтың позициясында «гипотеза норманы іске асырудың бар немесе жоқтығын нақты өмірлік мәнін (шартын) көрсетеді» [3]. А.С. Жаппарова қылмыстық заңның мәтінінде гипотезаны былай жазды: «Гипотеза ұғымынан құқықтық нормада оның қылмыстық заңдағы функциясы жалпы бөлімінің баптарында көрінеді».

Сонымен, тұлға қылмысты қасақана жасағанда заңда көрсетілген жасқа толған болса, қылмысты қасақана немесе абайсызда жасаған және қылмыс жасаған сәтте есі дұрыс емес болып табылса ғана қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Ерекше бөлімнің нормаларына сәйкес нақты қылмысты болдырмас үшін, шартты түрде қарастырылады. Сондықтан ерекше бөлімнің баптарында диспозиция мен санкция белгіленеді [1]. Қылмыстық-құқықтық норманың құрылымына қысқаша талдау жасай отырып ҚПК-нің 113-бабында көрсетілген дәлелдеу затының құрамы мен осындай құрылымның арасындағы белгілі бір арақатынасын жасау үшін, сондай-ақ, ҚР ҚПК-нің 63-тарауында көрсетілген тәртіппен процесуалдық келісім жасалған қылмыстық істер бойынша дәлелдеу затына сәйкестік деңгейін анықтауға әкеп соғады. Қылмыстық құқық нормаларының құрылымы мен мазмұны тұрғысынан қылмыстық-процесуалдық құқық саласына қатысты дәлелдеу субъектісінің сипатын тергеу үшін таңдаған әдіс, әрине, күрделіліктің жоғары дәрежесіне ие және әдіснама немесе заң теория-

сымен әзірленген бірқатар санаттарды және тұжырымдарды тартуды талап етеді.

Біздің түсінігімізше мұндай көзқарастар таза нысандағы айырмашылықтар туралы ғана емес, сондай-ақ осы айырмашылықтың негізінде айқындалған сәйкестік пен қарым-қатынастар туралы сенуге мүмкіндік береді. Посткеңестік мәліметтер аясындағы қылмыстық-процессуалдық құқықтағы, АҚШ құқықтарында дәлелдеу заты «дәлелдеу стандарты (деңгейі)» деп аталады. Бұл ретте, көрсетілген стандарт екі деңгейге бөлінеді: 1) қатаң; 2) онша қатаң емес. В.В. Наумовтың айтуы бойынша, «ресейлік қылмыстық іс жүргізуге бұл тұрғыда екі стандарт жоқ, тек бір «қатаң» стандарт ол Ресей Федерациясы Конституциясының 49-бабында көрсетілгендей «тұлғаның кінәсіздігіне сәйкес келмеген күдік айыпталушының пайдасына шешіледі деп көрсетілген» [3]. Сонымен қатар: «Ресейлік қылмыстық іс жүргізу құқық теориясына қатысты дәлелдеу стандартын басқаша мағынада – дәлелдеудің көмегімен анықтауға жататын мән-жай мен фактісінің жиынтығында, яғни қылмыстық іс бойынша дәлелдеу заты ретінде түсінуге болады. Дегенмен, мұндай дәлелдеуге жататын фактілер қылмыстық іс жүргізу заңында белгіленген әрбір іс үшін бірдей болып келеді. Осылайша, дәлелдеу стандарты жалпы және міндетті болып табылады. [3]. Ресейлік тұжырымдамасына экстраполялық тәсілдегі дәлелдеу заты ҚР ҚПК-нің ережелері бойынша жүзеге асырылатын процессуалдық келісім институтының нәтижесі аз қолданбалы болып келеді. Дегенмен, американдық екі деңгейлі моделде келісім өндірісіндегі контекстінде дәлелдеу стандарты Қазақстан Республикасы қылмыстық-процессуалдық құқығында қандайда бір өзгертулер мен толықтырулар дәлелдеу затына қосылуы мүмкін.

Дж.Флетчердің келесі талқылауын назарға алсақ, континенталдық құқықтық елдерінде соттар тек бір ғана дәлелдеу стандартын қолданады, егер жалпы қоғам елдерінің стандартын салыстырғанда бірыңғай стандарт субъективті болып келеді. Сот айыпталушының кінәлі екеніне ішкі

түйсігін сендіру қажет. Бұл дәлелдеу туралы жалғыз тұжырым континенталды жүйедегі заңгерлерде сотталушы қылмыстық іс бойынша ақталып, бірақ шығынды өтеу туралы жауапкер ретінде тартылғанда ғана қарсы ойын білдіру керек [1]. Дәлелдеу заты туралы мәселеге келгенде келісімдер өндірісінің тәртіптерін реттейтін бірқатар ережелерді талдау қажеттілігі бар деп ойлаймыз. Процестік келісімді жасау шарттарының бірі – ол күдікті, айыпталушы өз кінәсін мойындауы шарт емес. Кінәні мойындау туралы келісімде ҚПК-нің 613-бабы бірінші бөлігінің екінші тармағына сәйкес күдікті, айыпталушы келтірілген күдікке, айыптауға және іс бойынша қылмысты жасағанына қолда бар дәлелдемелерге, өзі келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне дауласпағанын көрсету жеткілікті болып табылады. ҚПК-нің 616-б. 16. 4, 5, 6-т. сәйкес процестік келісімде: қылмыс жасаған уақыты, жері жазылуы керек, сондай-ақ осы құқықтық нормалардың ережелеріне сәйкес дәлелденуге жататын басқа да мән-жайларды көрсете отырып сипаттау, ҚК-тің осы қылмыс үшін жауаптылық көздейтін тармағы, бөлігі, бабы; процестік келісімде көрсетілген шарттарды сақтаған және міндеттемелерді орындаған кезде күдіктіге, айыпталушыға қатысты қолданылуы мүмкін, қылмыстық жауаптылық пен жазалауды жеңілдететін мән-жайлар және қылмыстық заңның нормаларында көрсетіледі.

ҚПК-нің 617-б. 2-б сәйкес кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісімге қол қойғаннан кейін прокурор күдіктіге, айыпталушыға қатысты бұлтартпау шарасының күшін жою не оны өзгерту қажеттігі туралы мәселені қарайды. ҚПК-нің 626-баб. 2, 4-б сәйкес іс бойынша тергеу және процестік әрекеттер жүргізу қажет болған кезде прокурор істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына жібереді. Тергеуші, анықтаушы күдіктінің, айыпталушының кінәсін растауға жеткілікті көлемде дәлелдемелер жинауды жүзеге асырады. Судья жаңа процестік келісіммен келіспеген кезде істі келісімдік іс жүргізуде қараудан бас тарту туралы қаулы шығарады және қыл-

мыстық істі жалпы тәртіппен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру үшін прокурорға жібереді. Келтірілген ережелерден мыналар туындайды: – «қылмысты сипаттау» (ҚР ҚПК-нің 616-б. 1. 4-т.) – қылмысты оның жасалған уақытын, орнын, сондай-ақ, осы кодекстің ережелеріне сәйкес дәлелденуге жататын басқа да мән-жайларды көрсете отырып сипаттау. Тек осындай «сипаттау» арқылы мазмұнын анықтауға болады. Сонымен қатар, әңгіме белгісіз әрекет түрінде «қылмысты сипаттау» туралы болғандықтан, қылмысты оның жасалған уақытын, орнын, сондай-ақ, дәлелденуге жататын басқа да мән-жайларды көрсете отырып сипаттау. Анық қателік, дәлсіздік, бұлыңғырлық заң шығарушының идеясын екі жақты түсінуге әкеледі. Бірінші нұсқа – «қылмыстың сипаттамасы» деген жаңа тұжырымдаманың пайда болу фактісін мойындаудан тұрады, ол әлі жоқ, оның ресми түсіндірмесі қажет. Екінші нұсқа – «қылмыс сипаттамасы» және дәлелдеу тақырыбы (уақыт, орын және т.б.) әртүрлі құбылыстар болып табылады, бұл дегеніміз: сипаттаманың оқиғаға немесе дәлелдеу субъектісіне сәйкес келмейтін өз мазмұны бар. Ұғымдық аппаратты талап ететін қатаң тәсіл қолдану, бұл жерде ҚР ҚПК-нің 627-бабының 2-тармағының 1-тармақшасында жасалуына сотталушы кінәлі деп танылған қылмыстық іс-әрекеттің сипаты деп көрсетілген;

– Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік кодексінің 616-бабының 1-бөлігінің 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес қылмысты оның жасалған уақытын, орнын, сондай-ақ, осы кодекстің ережелеріне сәйкес дәлелденуге жататын басқа да мән-жайларды көрсете отырып сипаттау, мысалы, ҚК-тің 113, 531-баптарымен іс бойынша процессуалдық келісім жасалған атап айтқанда, жалпы немесе қосымша (арнаулы) мәні, не өзге де дәлелдеу мәні туралы мәселені шешуге байланысты.

Қорыта айтқанда, жеке тергеу әрекетінің нәтижелері басқа тергеу әрекеттерінің нәтижелерінен бөлек, дараланып зерттелмеген, олармен салыстырыла отырып, жинақталып зерттеледі. Тануға ұсынуға тергеу әрекетінің нәтижелерін зерттеу мен бақылау осы қағидаға бағынады.

Тануға ұсыну нәтижелерін дәлелдемелердің басқа қайнар көздерімен салыстыра отырып, тергеуші олардағы ақпараттардың сенімділігін анықтайды, іс бойынша неғұрлым дұрыс шешім қабылдау үшін қалыптасқан тергеу жағдайын бағалайды.

**Ж, НУРМАХАНОВА,
Қ.БАЙЖАНОВА,
Ғ.ДУЛАТОВ,
Қазақ Ұлттық Аграрлық
зерттеу университеті**

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ.

Мицкевич А.В. Различия законов СССР по их юридической силе // Уч. зап. ВНИИСЗ. Вып. 10. М., 1967. – С 238

Флетчер Дж., Наумов А. В. Основные концепции современного уголовного права. М. : Юристъ, 1998. 511 с.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАЗА ҚАЖЕТ ПЕ?

Сот төрелігін жүзеге асыру барысында жазалар жүйесін белгілеудің әдістемелік және тәжірибелік маңыздылығы жоғары. Себебі, әрбір жазаның қолдану негізін, дәл шегін және атқарылу тәртібін көрсетіп, олардың толық тізімін беру арқылы қылмыспен күресте жазалау саясатының бірлігіне, сот қызметінде заңдылық принципін сақтауға қол жеткізуге болады.

Тәжірибелік маңыздылығы – жазаның түрлері бір жүйемен (ең жеңілінен бастап ең ауырына қарай) берілген. Соның нәтижесінде сот заңға сүйене отырып, сот тәжірибесінің, қоғамдық көзқарасты және ғылыми ұсыныстарды ескеріп, сотталушыға оның қайта түзелуіне ықпал жасаудың әртүрлі шараларын тиімді де ұтымды пайдалана алады. Ал заңмен белгіленген жазалар жүйесінің маңыздылығы – жазаның дәрежесін анықтау. Бұл тек жаза тағайындалғанда ғана емес, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның жеңіл түріне ауыстырғанда да керек. Жаза қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады. Және бұл адамды құқықтары мен бостандықтарынан Қылмыстық кодексте көзделген айыру немесе оларды шектеу. Ал жаза – әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ, сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады. Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді.

Кейбір ғалымдар «жаза» ұғымын «тек мемлекеттік күрес шарасы емес, әлеуметтік мәжбүрлеу және көмек шарасы» деп санайды. Қылмыстық жаза – бұл белгілі әрекеттердің қолайсыз салдары ретінде заңмен тағайындалған, осы әрекеттердің сипатына, атап айтқанда, мемлекеттік биліктің сот органдарымен белгіленген тәртіппен кінәлі адамға мәжбүрлі әсер ету. Қысқаша айтқанда, жаза – құқық бұзушылықтың заңды салдары, оның ішкі және сыртқы жағына сәйкес келеді және кейбір жағдайларда соттар немесе мемлекет

басшысы анықтайды. Жаза түрлерін топтастырудың маңыздылығы зор. Қылмыстық құқық бұзушылық жасағандарға қандай жаза қолданылады? Бұл Қылмыстық кодекстің 40-бабында көрсетілген. Мәселен, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру жазалары қолданылуы мүмкін. Сол сияқты «кінәлі» деп танылған адамға негізгі жазамен қатар қосымша жазалар да тағайындалады. Оның ішінде мүлкін тәркілеу, арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру бар. Сондай-ақ, азаматтығынан айыру, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды елден тысқары жерге шығарып жіберу жазасы қолданылады.

Заңдағы жазалар тізімі толық және жеткілікті. Соттың сотталушыға тек қылмыстық заңның бабында қарастырылған жазаның түрі мен шегін тағайындауына мүмкіндігі бар. Жазалар тізімінде көрсетілген әрбір жаза түрінің мазмұны мен ауырлық деңгейіне, сотталушыға әсер ету жағдайына байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Жазалардың жеке-жеке түрлері көрсетілген нормаларда, олардың мазмұны, қолдану шарттары мен шектері көрсетілген.

Қылмыстық заңнамада қарастырылған жазалар белгілері бойынша да жіктеледі. Тағайындау тәртібі бойынша негізгі және қо-

сымша жазалар тағайындалады. Негізгі жаза дербес қолданылады және басқа жазалармен қоса тағайындалмайды. Заң әдебиетінде және қолданыстағы заңнамаларда қосымша жазаның біртекті ұғымы қалыптаспаған. Қылмыстық заңнама негізгі жазамен бірге қосымша жазаларды бекітумен шектеледі. Осыған байланысты қылмыстық құқықтағы жаза, оның ішінде қосымша жаза қылмыстық іс-әрекет жасап сот үкімімен кінәлі деп танылған адамға құқықтары мен бостандықтарын шектеу жолымен жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын, меншікті, қоғамдық қауіпсіздік, Конституциялық құрылымын қылмыстық қолсұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қолданылатын қылмыстық ықпал етудің құралы ретінде ұғыну ұсынылады. Ал қосымша жаза аты айтып тұрғандай, негізгі жазаларға қосымша ретінде қолданылады және дербес тағайындалмайды. Бұл жазаның тиімділігін арттыру үшін мейлінше жекешелендіріп, кінәлінің әрекетінде қоғамдық қауіптілік дәрежесі мен сипатынан нақты сәйкестендіріліп негізгі жазаға қосылады. Теорияға сай қосымша жаза негізгі жазаға қарағанда қатаңырақ болмауы тиіс. Сонымен қатар, негізгі жазаның түрімен ұқсас бола алмайды. Негізгі жазаның жазалау элементтерімен ұқсас болып келетін қосымша жазаларды қолдануға болмайды. Негізгі жазалар да, қосымша жазалар да Қылмыстық кодекстің ерекше бөліміндегі баптардың санкциясында анық көрсетілген жағдайда тағайындалады. Негізгі жаза мен қосымша жазаның өзара байланысуы жазаның жекешелену қағидасының жүзеге асуына мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, сотталушыға жасаған қылмысының қоғамға қауіптілігіне байланысты үкім шығарар кезде негізгі және қосымша жазаларды дұрыс үйлестіре білу, оны даралап көрсету қағидасы дәйекті түрде жүзеге асуы қажет. Әр іс бойынша, әсіресе, ауыр, аса ауыр, сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстар жасаған адамдарға қосымша жаза қолдану қажеттілігі мәселесін талқылауы тиіс.

Сотталғандарға ықпал жасау үшін жазаның өзін жүйелеу керек. Сол арқылы соттар ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған адамдарды қоғамнан оқшаулап, қылмыстың қауіптілігі онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адамдарға қатысты қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалар-

ды қолдануы мүмкін. Қылмыстық кодекстің 55-бабының 4-бөлігіне сәйкес, іс-әрекеттің мақсаттары мен себептеріне, кінәлі адамның рөліне, оның қылмыстық құқықбұзушылық жасау кезіндегі немесе одан кейінгі мінез-құлқына байланысты ерекше мән-жайлар және іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігі дәрежесін едәуір азайтатын басқа да мән-жайлар болған кезде, сол сияқты топтық қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушы топтың жасаған іс-әрекеттерін ашуға белсене жәрдемдескенде, осы кодекстің ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген ең төменгі шектен төмен жаза тағайындалуы мүмкін не соттың жазаның осы бапта көзделгеннен неғұрлым жеңіл түрін тағайындауы не міндетті жаза ретінде көзделген қосымша жаза түрін қолданбауы мүмкін.

Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды жүзеге асыруда жазалардың атқарылуында маңызды рөл атқаратын пробация институтының қызметіне жүгінеміз. Пробация институты олардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында санаттары заңмен айқындалған адамдардың мінез-құлқын түзетуге бағытталған қызмет түрлерінің және бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы жеке айқындалатын шаралардың жүйесін ұсынады. Пробация құқықтық жүйеміз үшін қылмыстық және қылмыстық-атқару құқығының нормаларын іске асырудың жаңа нысаны болды.

Сол себепті, қылмыстық құқықтағы жаза – бұл әлеуметтік құқықтық құбылыс. Жазаның әлеуметтік функциясы ретінде жазаны қылмыс жасаған адамға қолданғанда бұзылған қоғамдық тәртіпті қалпына келтіріп, келтірілген зардаптың орнын толтырып, қылмыскерді жауапқа тарту арқылы қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыру, қылмыстың жасалуына байланысты азаматтардың қорқыныш сезімі мен сенімсіздік күйін жойып, құқық қорғау органдарының адам мен азаматтың, қоғамдық ортаның және мемлекеттің мүдделерін қорғауына қабілеттері бар екеніне сенімдерін арттыруды түсіну керек. «Қылмыстың өтеуі – жаза» екенін қоғам түсінген кезде ғана соттарға деген сенім болады.

Қуаныш ТЕРЛІКБАЕВ,
Бостандық ауданы
№2 сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БІТІМГЕРШІЛІКТІ ҰСТАНУДА ҰТАРЫМЫЗ КӨП

Соңғы жылдары елімізде дау шешудің ең озық тәсілі медиацияны жан-жақты жандандыру жолдары қолданысқа енді. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасының Медиация туралы заңы, Азаматтық процестік және Қылмыстық процестік кодекстер, басқа да заңнамалар жаңартылды. Бұған қоса Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты тарапынан «Соттағы татуластыру рәсімдері», «Татуласу: сотқа дейін, сотта» сынды, т.б. тың жобалар сәтті жүзеге асырылуда.



Әсел МЕДЕТБЕКОВА,
Алмалы аудандық
№2 сотының судьясы

Жоғарғы Сот төрағасының бастама-сымен еліміздің барлық өңірінде Татуласу орталықтары ашылып, соттарда судья-медиаторлар жұмысы жанданып жа-

тыр. Медиацияны жүргізу құқығына бүгінде нотариустар мен адвокаттар, сондай-ақ, заң палаталарының мүшелері де ие. Яғни, дауды партисипативтік рәсімде шешуге ад-

вокаттардан бөлек заң палаталарының мүшелері де қатысады.

Татуласу шаралары Азаматтық процестік кодексте (АПК) көзделгендей, татуласу келісімі, медиация тәртібі, партисипативтік рәсім, дауды сотқа дейін реттеу хаттамасының негізінде жүргізіледі. Сотқа жүгінушілер осы қағидалардың өздеріне тиімдісін таңдайды. Сол арқылы дауды сотсыз аяқтай алады.

Алдымен АПК-нің 150-бабының талабымен талап қою арызын соттың іс жүргізуіне қабылдау туралы мәселе шешіледі. Бұл процесс сотқа талап арыз түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Талап арыз қабылданған жағдайда судья тараптарға татуласу рәсіміне қатысуы үшін шақыру жіберіп, тиісті шараларды қабылдайды. Шақыруда тараптарға бітімгершілік келісім, медиация, татуласу, партисипативтік рәсімдер шеңберінде дау-жанжалды шешу, сотқа талап қоюдың келіп түскені, татуласудың артықшылықтары, сондай-ақ, осы кодекстің 73-бабының бірінші және екінші бөліктеріне сәйкес, дәлелдемелерді өзара ашу және ұсыну құқығы туралы хабардар етіледі. Қамтамасыз ету шараларын қабылдау кезінде шақыру тиісті ұйғарым шығарылғаннан кейін жіберіледі. Судья тараптардың өзара келісімге келулері үшін процестің барлық сатысында көмектеседі.

Тараптар дауды татуласу келісімі арқылы бітіруді қалаған жағдайда сотқа дауды судья немесе медиатордың көмегімен реттеу туралы өтінішхатты мәлімдейді. Татуласу рәсімдерін қолдана отырып дауды реттеу туралы өтінішхат, АПК мен басқа заңдарда өзгеше көзделмесе, талап қою ісін жүргізудің кез келген ісі бойынша мәлімделуі мүмкін. Заңмен көзделгендей, татуласу келісімі бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттарда сот шешім шығаруға кеткенге дейін, сондай-ақ, сот актісінің орындалуы кезінде жасалады.

Татуласу келісімі жазбаша нысанда жасалып, оған тараптар немесе олардың өкілдері қол қояды. Ескерерлігі, өкіл сенімхатта татуласу келісімін жасауға өкілеттігі болса ғана қол қоя алады. Сондай-ақ, келісімде шарттарды орындау мерзімі мен тәртібі көрсетілуі міндет. Татуласу келісімін кейінге қалдыру шартымен жасауға жол берілмейді.

Татуластыру рәсімдеріне берілетін мерзімнің бес күннен он күнге ұзартылуы дауды өзара келісіммен бітіру мүмкіндігін одан әрі арттырды.

Татуласу келісімін бекіту туралы өтінішхатты судья сот отырысында қарап, бекітеді. Тараптардың сот отырысына келмеуі және татуласу келісімін өздерінің қатысуынсыз қарау туралы арыз бермеуі оның сотта қаралмауына негіз болады.

Судья өтінішхатты бекітпей тұрып татуласу келісімін жасаудың құқықтық салдарын түсіндіреді. Тараптар келіссе судья татуласу келісімін бекіту туралы ұйғарым шығарады. Айта кетерлігі, татуласу келісімі заңға қайшы болмауы, сондай-ақ, басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтірмеуі керек. Заң талаптары сақталмаса келісім бекітілмейді.

Мұндай жағдайда, сот бұл жөнінде ұйғарым шығарып, отырыс хаттамасына енгізеді. Ұйғарым шағым жасауға, прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қарауға жатпайды. Ұйғарыммен келіспеу туралы дәлелдер апелляциялық шағымда, прокурордың өтінішхатында көрсетілуі мүмкін.

Сот актісінің орындалу сатысында жасалған татуласу келісімі оны орындайтын аумақтағы немесе қабылдаған сотқа бекіту үшін жіберіледі. Келісім ерікті түрде орындалмаса оған мүдделі тараптың бірі сотқа өтінішхат беруге құқылы. Ол соттың атқару парағының негізінде мәжбүрлеп орындалатылады.

Осы тұста дауды сотқа дейін реттеу хаттамасы жайлы айта кетсек, жаңа хаттама татуласу рәсімдерінің қолдану аясын арт-



Татуластыру рәсімдері мен сотқа дейінгі хаттаманы жасау жалпы талап қою ісін жүргізу, сондай-ақ, оңайлатылған жазбаша іс жүргізу тәртібімен де жүзеге асырылады.

Даудың сотқа дейінгі хаттаманы жасау арқылы реттелуі жоғарыда айтқанымыздай, азаматтық іс қозғалғанға дейін дәлелдемелермен алма-

тырды. АПК-нің 73-бабымен айқындалғандай, дауды сотқа дейін реттеу хаттамасы тараптардың қалауымен жасалады. Оның артықшылығы, тараптар немесе іске қатысы бар өзге де тұлғалар дәлелдемелерін бір-біріне айтады.

Енді хаттаманың сотқа ұсынылу және жасалу заңдылығына келсек, тараптар мен іске қатысы барлар дәлелдемелерді бірінші саты сотына хаттама жасаған соң талап қою қабылданар кезде береді. Онда тараптар өз талаптары мен қарсылықтарына сілтеме жасауға, сондай-ақ, іс сотта қаралған жағдайда пайдаланғысы келетін дәлелдемелерді ашу, ұсыну және алмасу бойынша жасайтын әрекеттерін көрсетеді.

Егер дәлелдемелерді істі сот талқылауына дайындау сатысында ұсыну мүмкіндігі болмаса, онда олар сот талқылауы кезінде ұсынылады. Бұл үшін дәлелдеме ұсынушылар хаттамада негізді себептер келтірулері тиіс. Бұған қоса тараптар 73-баптың бірінші бөлігінде белгіленген жағдайда істі сот талқылауына дайындау немесе сот талқылауы барысында ашылған және сотқа дейінгі хаттамада көрсетілген дәлелдемелерге ғана сүйене алады.

судың, уақытты үнемдеудің, сонымен қатар, материалдық және моральдық шығындарды азайтудың, ең бастысы, дауласушылар арасындағы өзара қарым-қатынасты сақтаудың бірден-бір тиімді жолы. Бұл артықшылықтар татуластыру институтының барлық рәсіміне қатысты.

Медиативтік келісімге келу арқылы уақыт жағынан ұтуға және қаржыны үнемдеуге болады. Сонымен бірге құпиялылық сақталады, еріктілік принципі басшылыққа алынады. Азаматтар медиацияға сотқа дейін де, кейін де бара алады. Дау-жанжалды өзара келісіммен бітірген екі жаққа да тиімді. Өйткені, сотта даудың жүру ұзақтығы сотқа, ал, медиацияда тараптардың өздеріне ғана байланысты. Олар, тіпті, бір күннің ішінде мәмілеге келе алады. «Бітімгершілікпен біткен істе береке барын» ескерсек, даулы мәселелерде бабалар жолын ұстанудан ұтпасақ ұтылмаймыз. Яғни, кез келген кикілжіңнің өзара түсінісу жолымен біткені барлық жағынан пайдалы.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Мемлекеттік тіл бұл - ұлттық сананың ең басты кілті, сол себептен бұл мәселе аса маңызды да ең өзекті болып табылады. Сонымен қатар, мемлекеттік тіл ұлттың жан дүниесін, рухани негізін, ел еркіндігі мен ұлтты танытатын басты белгі ретінде қаралады. Сондықтан мемлекеттік тілді білу – тұрып жатқан сол елдің ұлтын сыйлау, сол мемлекет алдындағы жауаптылығын және сол мемлекетке деген сыйластығын көрсету деп түсінген жөн.



Д. ГИЛЬМАНОВА,
Ақтөбе қаласы №2 сотының судьясы

Осы жерде қытайдың атақты философы Конфуцийдің тілге қатысты мына ойларын айта кету орынды деп есептеймін: «Егер де маған ел басқару мүмкіндігі туса, ең алдымен сол елдің тіл мәселесін қолға алар едім. Себебі, тіл бірлігі болмаса, пікір бірлігі болмайды және идеология дұрыс жүргізілмейді (түсіндірілмейді). Идеология дұрыс жүргізілмей, ортақ түсіністік таппаған елде

бірлік болмайды. Сондықтан, бәрінен де бұрын адамдар арасындағы бірлікті ұстап тұрған тіл мәселесі маңызды» деп көрсеткен екен.

1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы тәуелсіз, егемен мемлекеттің конституциялық дамуының жаңа кезеңіне жол ашқан акт болып

табылады. Ал, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қабылданған «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңы тілдердің Республикада қызмет етуінің құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды зерделеу мен дамытуға жағдай туғызудағы міндеттерін белгіледі, Республикада барлық тілдердің бірдей құрметпен қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі бұл қазақ тілі. (Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабының 1-тармағы, «Қазақстан Республикасының Тіл туралы» заңының 4-бабы).

Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. (Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабының 2-тармағы).

Осы жерде орыс тілі екінші мемлекеттік тіл болып табыла ма деген сауал туындайды? Бұл жерде Конституцияның «мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген 7-бабының 2-тармағын келесідей түсінген жөн.

Бұл мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өз өкілеттіктерін іске асыруына байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнама әркімнің де тілдердің қызмет ету саласында Конституциялық құқықтары жүзеге асырылуының механизмдерін көздеуге, соның ішінде, жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына өтініш беру және олардан Конституцияның 7-бабының 2-тармағын сақтай отырып істің қай тілде жүргізілуіне қатысыз қазақ немесе орыс тілдерінде тең дәрежеде ақпарат алу мүмкіншілігін қамтамасыз етуге тиіс дегенді білдіреді.

Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады деген конституциялық норма орыс тіліне екінші мемлекеттік тіл мәртебесі беріледі дегенді білдірмейтінін естен шығармаған

жөн. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде конституциялық жолмен баянды етілуінен келіп шығатыны – қазақ тілі Қазақстан мемлекеттілігін айқындайтын факторлардың бірі болып табылады.

Мемлекеттік тілдің жоғары саяси-құқықтық мәртебесі оның жария-құқық саласында қызмет етуінің артықшылығы не басымдылығы Конституцияда баянды етіліп, заңдарда белгіленуі мүмкін екендігімен расталады.

Конституция әркімге өз қалауы бойынша қарым-қатынас тілін таңдап алу құқығын береді. Мәселен, Конституцияның 19-бабының 2-тармағына сәйкес «әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар».

Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Атап айтатын болсақ қазақ тілі курстарын, мемлекеттік тілге қатысты сайыстар ұйымдастыру. Көптеген шаралар ұйымдастырылғанымен мемлекеттік тілге деген патриоттық сезім қазақстандықтарда жоққа жақын деп айтсам қателеспеймін.

Мемлекеттік тілге қатысты менсінбеушілік халық арасында көптеп кездеседі. Мемлекеттік тілді қорлап сөйлейтін адамдар көп. Қазақ тілі маған керек емес, қазақ тілсіз өмір сүре аламын, бірінші кезекте қазақтардың өздері қазақ тілінде сөйлеп үйренсін деген менсінбеушілік әңгімелер де көп. Мұндай сөздердің алдын алу үшін мемлекеттік тілді қорлауға қатысты жауапкершілікті қатайту керек және әрбір қазақстандықтың мемлекеттік тілді өмірдің барлық саласында қолдануына жағдай жасалу керек.

Мақаламды қорытындылай келе мынадай тұжырым айтқым келеді: қазіргі таңда адамдар жетістікке жету үшін кемінде үш тіл білуі керек. Ең бірінші кезекте адам толықтай өзінің ана сүтімен берілген ана тілін жеткілікті білуге міндетті. Екіншіден, өзінің тұрып жатқан елінің мемлекеттік тілін білуге, үшіншіден, егерде тұлға адамзат дамуынан артта қалғысы келмесе халықаралық қарым-қатынас тілін білуге міндетті деп есептеймін.

БҰҰ МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕ ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ДАРАЛАНДЫРУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОРҒАУ

Қазақстан ұлттық бәсекелестікті арттыру арқылы елу бәсекелестікке қабілетті мемлекеттер қатарына кіруді көздейтін бәсекелестікке қабілетті экономикалық модель құруға бет алғандықтан, қазіргі уақытта интеллектуалдық меншік құқықтарын оның ішінде азаматтық айналымға қатысушыларды дараландыру құралдарын қорғаудың тиімді жүйесін қалыптастыруы мемлекеттің дамуында стратегиялық маңыздылыққа ие болып отыр.



Бір мемлекеттің ішінде де, бірнеше мемлекеттер арасында да болсын, тауар-ақша қатынастарының қарқынды түрде дамуы нәтижесінде, өздерінің тауарларын өндіретін және нарыққа шығаратын түрлі субъектілердің саны артып, тауар шығарушылардың арасында шаруашылық қызметтерін жүзеге асыру үшін тең жағдайлар пайда болды. Әрине ондай жағдай аталған субъектілер арасында нарықтағы бәсекелестік күресті күшейтеді. Сондықтан, бір тауар өндірушіні басқа тауар өндірушіден, бір тауарды басқа тауардан ерекшелеу қажеттілігі туындайды. Мұндай қажеттілік тұтынушылар үшін ғана емес, сонымен қатар азаматтық айналымға қатысушылар үшін де өздерін жосықсыз бәсекелестіктен қорғау үшін маңызды болуда. Қазіргі нарықтық экономиканың түрленуі, елімізде шетел тауарларының кең етек алуы

және олардың барынша жарнамалануы, бәсекелестіктің, әсіресе, жосықсыз бәсекелестіктің артуы, отандық кәсіпкерлерге өнімдерін қорғаудың және сақтаудың барынша тиімді механизмдерін іздеттіруде. Мұндай механизмдерге дараландыру құралдарын жатқызамыз. Ал азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды және қызметтерді дараландыру құралдары дәл сол өндірушілер мен олардың тауарларын, қызметтерін тиісті түрде дараландыруды қамтамасыз ету үшін қызмет етеді.

Қазақстанда Бүкіл әлемдік Сауда Ұйымына кіруіне байланысты, интеллектуалдық меншікті құқықтық қорғау және сақтау, осы саладағы контрафактімен күресу мәселесі өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Шетел сарапшыларының бағалауы бойынша Қазақстандағы интеллектуалдық мен-

шік саласындағы контрафактілік айналым деңгейі 86%-ды құраса, қарақшылық жолмен алынған көлеңкелі өнім жылына 17 млн АҚШ долларынан асады [1, 44-47]. Осыған байланысты елімізде бірқатар шаралар атқарылуда. 2012 жылғы 11 қаңтарда интеллектуалдық меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру мақсатында қолданыстағы интеллектуалдық меншік саласындағы заңнаманы халықаралық нормаларға сәйкестендіруге, оның ішінде Дүниежүзілік Сауда Ұйымының Интеллектуалдық меншік құқығының сауда аспектілері туралы келісіміне (ТРИПС), Интернет желісінде авторлық және сабақтас құқықтарды қорғауға, әкімшілік кедергілерді, қарама-қайшылықтарды, коллизияларды және кемістіктерді жоюға бағытталған «Интеллектуалдық меншік саласындағы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойылды. Аталған заң тауар таңбалары туралы заңға енгізілген өзгерістер тауар таңбасын тіркеуден бастартудың артық негіздерін жоюды, алдын ала сараптаманың мерзімін екі айдан бір айға қысқартуды және толық сараптаманың мерзімін он екі айдан тоғыз айға қысқартуды көздейді. Сондай-ақ, 2012 жылдың ақпанында Парламент Мәжілісінің «Тауар таңбалары жөніндегі заңдар туралы Сингапур шартын және Тауар таңбалары жөніндегі заңдар туралы Сингапур шартына нұсқаулықты ратификациялау туралы» заңының жобасын мақұлдады. Шарттың мақсаты тауар таңбалары саласында жұмыс істейтін және оның қатысушылары болып табылатын кез келген мемлекет пен аймақтық ұйымдардағы тауар және қызмет көрсету таңбаларының иелері мен өтініш берушілерге әлдеқайда қолайлы жағдай жасау болып табылады. Сингапур шарты тауар таңбаларын шетелде тіркейтін қазақстандық өтініш берушілер мен тауар таңбаларын Қазақстанда тіркейтін шетелдік өтініш берушілердің құқықтарын теңестіруге мүмкіндік береді. Сингапур шартының қатысушылары қатарында бүгінгі күні 26 мемлекет бар.

Аталған шарт 2006 жылғы 27 наурызда Сингапурда қабылданды. Құжаттың мақсаты тауар таңбалары саласында жұмыс істейтін және осы шартқа қатысушылар болып табылатын кез келген мемлекетте және өңірлік ұйымдарда өтінім берушілер мен тауар таңба-

ларын және қызмет көрсету таңбаларын иеленушілер үшін неғұрлым қолайлы жағдай жасау болып табылады. Шартқа сәйкес, кез келген уағдаласушы тарап, осы шартты өзінің заңнамасына сәйкес таңба ретінде тіркеуі мүмкін белгілерден тұратын таңбаларға қолданады. Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау ынтымақтастықтың басты салаларының бірі болып табылады. Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы стандарттарына сәйкес келетін осы салада Қазақстан Сингапур шартын қабылдауды өзіне үлкен міндет санайды.

Шарт тауар таңбалары мен қызмет көрсету таңбаларын тіркеуге арналған өтінімдерді жасау мен берудің белгілі бір қағидаларын қалыптастырады. Сондай-ақ, тауар таңбаларын шетелдерде тіркейтін қазақстандық өтінім берушілердің және тауар таңбаларын Қазақстанда тіркейтін шетелдік өтінім берушілердің тең құқықтарын қамтамасыз етеді. Жалпы алғанда мамандардың айтуынша, Сингапур шартына Қазақстанның қатысуы БЭК шеңберіндегі зияткерлік меншік құқықтарының бірыңғай режимін құруға оң ықпал етеді. Сондай-ақ, Қазақстанның Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымына мүшелігі бойынша өз міндеттерін адал орындауға септігін тигізеді [2].

Интеллектуалдық меншік объектілерін екі топқа бөліп қарастырамыз: интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелері және азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдары. Интеллектуалдық меншік құқығын бұлай жүйелеп қарастыру тек ғылыми тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар, тәжірибеде де жаңа шығармашылық қызметтің нәтижелері мен түрлі субъектілердің дараландыру құралдарын құқықтық реттеу режимін қалыптастыру қажеттілігінен туындап отыр.

«Дараландыру құралдары» термині барлық мемлекеттердің заңнамасында қолданылмайтындығын атап өту қажет. Мәселен, бұл термин Ұлыбритания, АҚШ елдерінің заңнамасында мүлдем кездеспесе, керісінше Ресей Федерациясы, Беларусь, Қырғызстан заңнамаларында аталған термин қолданылады [3,515].

ҚР АҚ 961-бабының 2-тармағына сәйкес азаматтық айналымға қатысушыларды, тау-

арларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдарына:

фирмалық атаулар;

тауарлық белгілер (қызмет көрсету белгілері);

тауарлар шығарылатын жерлердің атаулары (шығатын жерін көрсету).

Кодексте және басқа заң актілерінде көзделген азаматтық айналымға қатысушылардың, тауарлар мен қызмет көрсетулердің басқа да дараландыру құралдары жатады делінген.

Дараландыру құралдары – кез келген әдіспен өз қалауы бойынша пайдалану түріндегі мүліктік құқық ретінде көрініс табатын, айрықша құқықтарға ие субъектілер туралы ақпарат беру жолымен, азаматтық айналымға қатысушы нақты субъектілерді және олар шығаратын тауарларды (жұмыс, қызмет) басқа қатысушылардан және олардың біркелкі тауарларынан ерекшелейтін интеллектуалдық қызметтің нәтижесі. Жоғарыда айтылғандарға талдау жасай отырып дараландыру құралдарын екі негізгі топқа бөліп қарастыруға болады: азаматтық айналымға қатысушыларды дараландыру құралдары; азаматтық айналымға қатысушылар шығаратын тауарларды дараландыру құралдары. Бірінші топқа коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаның тіркеуден өткеннен кейінгі заңды тұлғаның атауы ретінде анықталатын фирмалық атау жатады. Фирмалық атау шығаратын тауарды емес заңды тұлғаны дараландыратыны ҚР АҚ-тің 38-бабының 1-тармағында, 1020-баптың 1-тармағында бекітілген. Екінші топқа тауар таңбасы, қызмет көрсету белгісі, тауар шығарылатын жердің атауы жатады. Интеллектуалдық меншік құқығының дәл осы объектісі азаматтық айналымға қатысушылардың тауарларын, қызметтерін дараландыру үшін қызмет етеді.

Азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру, нарықтың қандай да бір тауарына, жұмысына не қызметіне тұтынушыларды тартатын және оларға тауар жайында түрлі сигнал беру қызметін атқаратын, белгілі бір тәртіппен анықталатын арнайы белгілеулердің көмегімен жүзеге асырылады. Дараландыру құралдары азаматтық құқықтың, интеллектуалдық және өндірістік меншіктің объектісі болғандықтан, аталған белгілеулерді құру, пайдалану, қорғауға қа-

тысты қоғамдық қатынастар аумағы күрделі және әртүрлі болып келеді [4,2-4]. Азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдарының барлығын байланыстыратын негізгі ортақ белгі, сол белгілерге құқық иесінің айрықша құқықтарының болуы. Қарастырылып отырған интеллектуалдық меншік құқығының объектілерінің тобына тән тағы да бір ерекшелік, дараландыру құралдарын құрастыру үшін шығармашылық қызметтің болуы міндетті емес. Егер бірінші топқа, яғни интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижесіне жататын объектілерге шығармашылық сипаттың болуы, оның нысаны және мазмұнының жаңа болуы және шығармашылық қызмет нәтижесінің объективтік нысанға келтірілуі тәрізді белгілер тән болатын болса, дараландыру құралдарына мұндай белгілер міндетті болып табылмайды. Басқаша айтқанда құқық иеленушінің дараландыру құралдарына қатысты жеке мүліктік емес құқықтары болмайды. Әрине тауар таңбасының не фирмалық атаудың макетін не жобасын суретшілер, дизайнерлер жасаған кезде шығармашылық үрдіс орын алады. Алайда тауар таңбасының макетін патенттік ведомствда тіркегеннен кейін немесе фирмалық атау заңды тұлғамен әділет департаментінде тіркеуден өткеннен кейін олар тауар таңбасы мен фирмалық атауға айналып, мүлдем басқа құндылықтарға ие болады да оларды құру кезіндегі шығармашылық қызмет мәнін жоғалтады. Яғни, шығармашылық қызмет тауар таңбасының макеті мен фирмалық атау тіркелгенге дейін ғана орын алады. Егер суретші қандай да бір суретті оны болашақта тауар таңбасы ретінде тіркеу мақсатымен салған болса, ол суретке болашақта суретшінің авторлық құқығы болмайды. Тиісінше тауар таңбасы шығармашылық қызметтің нәтижесі болмайтындықтан, заңдық көзқарас тұрғысынан тауар таңбасына да авторлық құқық болмайды. Авторлық құқық туралы тек тауар таңбасының жобасы мен эскизіне ғана қатысты айтуға болады.

Сонымен қатар, заң әдебиеттерінде және заңнамада дараландыру құралдарына жататын тауар таңбасы мен қызмет көрсету белгісі құқықтық реттелулері бойынша әрдайым бірге қолданылатындығын атап өткен жөн. Яғни, тауар таңбасы туралы заңның тауар

таңбасына қатысты туындайтын қатынастарды құқықтық реттеуге арналған нормалары, қызмет көрсету белгілеріне де қолданылады. Осыған сәйкес, қызмет көрсету белгісі құқықтық режимі бойынша тауар таңбасынан айырмашылығы жоқ. Десек те, екеуінің арасында айырмашылықтар да бар. Тауар таңбасы – тауарды дараландырса, қызмет көрсету белгісі – біркелкі жұмыстар мен қызметтерді ажыратады. Аталғанның негізінде дараландыру құралдарының екі түрінің қолдану режимі де әртүрлі. Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы заңның 19-бабының 4-тармағын қарастыратын болсақ тауар таңбасын қолданудың негізгі нысаны өзі қорғайтын тауарда, олардың қораптарында пайдалану түрінде болады. Ал қызмет көрсету белгісінің қолдану нысаны жарнамада, баспа беттерінде, ресми бланкілерде көрініс табады.

Интеллектуалдық меншік объектілерінің дараландыру құралдары тәрізді тобына тән тағы бір қасиет олардың ақпараттандыру қызметін атқаруы. Мысалы, коммерциялық ұйымның фирмалық атауы оның ұйымдық-құқықтық нысаны, оның құзыретінің басқа да белгілері туралы ақпарат береді. Ал, тауар таңбасы тұтынушыларға түрлі өндірушілердің біркелкі тауарларын айыруға және олардың сапасы жайында қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Тауар таңбасы мен фирмалық атауды пайдалану өз алдына экономикалық құндылыққа ие болып, тіркелген белгінің атақты, танымал болуына әкеледі.

Яғни, фирмалық атау – азаматтық айналымға қатысушылардың өздерін дараландырады, қызмет көрсету белгісі – олар жасаған жұмысты немесе көрсеткен қызметтерін, ал тауар таңбасы мен тауар шығарылатын жердің атауы – шығаратын тауарларын дараландырады. Сондықтан да, аталған объектілерді бір топқа біріктіре отырып оларға «дараландыру құралдары» терминін қолдану құқықтық тұрғыдан орынды және аталған термин фирмалық атау, тауар таңбалары, қызмет көрсету белгілері және тауар шығарылатын жердің атауының мәнін толығымен ашып көрсетеді.

Сонымен азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдары түрлі субъектілердің өздеріне, шығаратын өнімдеріне тұтынушылардың назарын аударту үшін қолданылатын құрал болып табылатындықтан, нарықтық экономиканың маңызды және ажырағысыз элементі болып табылады. Аталған объектілерді заңсыз пайдалану жосықсыз бәсекелестіктің бірден-бір себебі болатындықтан, азаматтық айналымға қатысушыларды және олардың тауарларын дараландыру құралдарының құқықтық қорғалуын толығымен қамтамасыз ету, сол саладағы заңдылықтың сақталуының негізгі кепілі болып табылады.

К. УКИБАЕВА,
Қазақ Ұлттық Аграрлық
зерттеу университеті
«Құқық» кафедрасының
оқытушысы

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Казыкенов У. Актуальные проблемы охраны интеллектуальной собственности // Заң және заман. - Алматы, 2008. № 1 (89).
2. <http://www.intellkaz.kz>
3. Объекты гражданских прав: Монография / Отв. ред. Сулейменов М. К., Алматы: НИИ частного права КазГЮУ. 2008, - 600 с.
4. Городов О. А. Право на средства индивидуализации. Опубликовано издательством Wolters Kluwer Russia, 2006. - 427 с.

ТҮЙІН. Аталған мақалада азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды заңсыз пайдаланудан және дараландыру құралдарының құқықтық қорғауды қамтамасыз ету жөнінде айтылған.

РЕЗЮМЕ. В данной статье рассматриваются права обеспечения участников гражданского оборота, незаконное использование и способы индивидуализации товаров гражданского оборота.

RESUME. This article discusses legal support of participants of civil turnover, illegal use of goods and methods of individualization of of civil turnover.

ЖАҢАДАН АШЫЛҒАН МӘН-ЖАЙЛАР БОЙЫНША СОТ АКТІСІН ҚАЙТА ҚАРАУ

Ел Конституциясының 13-бабы 1, 2-тармақтарына сәйкес, әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық құқықтық тәсілдермен қорғауға сот арқылы қорғалуға кепілдік берілген. Сот арқылы қорғалу құқығы әділ сот ісін жүргізуді және азаматтардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын тиімді қалпына келтіруді қамтамасыз етуге арналған азаматтық іс жүргізу құралдарының жиынтығы арқылы жүзеге асырылады. Осындай құралдардың бірі – Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 55-тарауында (бұдан әрі АПК) бекітілген сот актілерінің жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау жөнінде іс жүргізу.



Б.БАСЫРБАЕВ,
ҚР Жоғарғы Соты жанындағы
Сот төрелігі академиясының
магистранты

Жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау заң шығарушы тарапынан да, сот практикасы тарапынан да айрықша сипатқа ие. Бұл іс жүргізу екі кезеңнен тұрады: 1) жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайларды белгілеу және бұрын қабылданған заңды күшіне енген сот актісінің күшін жою; 2) жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайларды ескере отырып

істі қайта қарау және жаңа сот актісін шығару. Құқықтар мен бостандықтарды сот арқылы қорғау құқығы заңды күшіне енген де, енген де сот актілерін қайта қарау құқығымен тығыз байланысты, сондықтан, сот актісін қайта қарау мүмкіндігінің болуы, бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге кепіл болып табылады. Бұл жерде соттардың сот актілерін тексеру жөніндегі қызметі, оларды жаңадан ашылған

немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау жөніндегі қызметтен өзгеше: басты айырмашылығы – сот актілерін қайта қарауды жоғары тұрған соттар емес, сот актісін қабылдаған соттар жүзеге асырады, олар оны жойып, тиісті сот сатысында іс жүргізу ережелері бойынша жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайларын ескере отырып, істі қайта қарауға көшеді.

Осылайша, сот істің нәтижесіне әсер етуі мүмкін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлардың іс үшін айтарлықтай маңызы бар екенін анықтап, содан кейін ашылған мән-жайларды ескере отырып, істі мәні бойынша қайта қарайды, нәтижесінде жаңа сот актісін шығарады. Демек, басқа сот актілерін қайта қарауынан айырмашылығы, әрқашан соттың бастапқы сот актісінің заңды күші жойылғаннан кейін істі жаңадан қарау мүмкіндігін қарастырады.

Сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау жөніндегі іс жүргізу, ең алдымен, жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайдың болуын анықтауды көздейді. Мұндай мән-жай танылған жағдайда сот келесі кезеңді бастайды, ол жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жай ескеріле отырып, бұрын қаралған істі қайта қарайды.

Алайда, АПК-нің 316-бабына сәйкес, бала асырап алудың күшін жою туралы істерді қарау және шешу талап қою ісін жүргізу қағидалары бойынша жүзеге асырылады және АПК-нің 322-бабында көрсетілгендей, сот шешімімен хабарсыз кетті деп танылған немесе қайтыс болды деп жарияланған азамат келген немесе оның жүрген жері анықталған жағдайда бірінші сатыдағы сот жаңа шешіммен өзінің бұрын шығарған шешімінің күшін жояды. Екі жағдайларда да, сот өз шешімін қайта қарау негізінде емес, талап қою тәртібімен түскен арыз бойынша күшін жояды.

Сотқа жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы өтініш берген жағдайда, ол тарапқа қазір сілтеме жасап отырған мән-жайлар туралы не білуі мүмкін екенін көрсеткен, алайда істі қарау барысында жеткілікті қырағылық танытпаған, сондықтан қаралып отырған рәсім шеңберінде сот актісін қайта қарауға талап етуге құқығы жоқ жағдай болуы мүмкін. Ол жөнінде «Сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау кезінде соттардың Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің нормаларын қолдануы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 8

желтоқсандағы № 12 нормативтік қаулысының 1-бөлігінде нақты көрсетілген (бұдан әрі – «ЖС нормативтік қаулысы»), тараптың мәлімделген талапқа негіздеме ретінде дәлелдемелер немесе оған қарсы арыз бермеуі не тараптың басқа тараптағы немесе үшінші тұлғалардағы дәлелдемелерді талап етіп алдыруға көмек көрсету туралы өтінішхатты соттың алдында мәлімдемеуі істі қарауға қатысқан тұлғаның процестік олқылықтарын куәландырады. Мұндай процестік олқылықтар, сонымен қатар жаңа дәлелдемелерді ұсыну заңды күшіне енген сот актісін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау үшін негіз бола алмайды делінген.

Бұл жағдайда тараптардың сот процесінде пассивті мінез-құлықтарына байланысты өзі үшін қолайсыз салдарлардың туындау тәуекелін көтереді. Бұл фактіні сот, өз бастамасы бойынша анықтай алмайды, өйткені оған мұндай құқық берілмеген. Соттың белсенділігіне АПК-мен шектеу қойылған.

Заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарауға негіз болатын жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайларды растау үшін дәлелдерді арызда көрсету ғана емес, сонымен бірге ұсынылуы керек. Мұндай дәлелдер болмаған жағдайда, жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар туралы мәлімдеудің өзі негізсіз. Мұндай жағдай жиі кездеседі, бұл сот практикасымен расталады.

ЖС нормативтік қаулысының 2-бөлігіне сәйкес, жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша бірінші сатыдағы соттың заңды күшіне енген шешімдері, оның ішінде сырттай немесе оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімдері, төмен тұрған сатының шешімі, қаулысы өзгертіліп немесе күші жойылып, іс бойынша жаңа процестік шешім шығарылған апелляциялық және кассациялық сатылардың қаулылары қайта қаралуы мүмкін. Бұл дегеніміз істің қаралуына, өзгеруіне, күшін жойылуына байланысты үш сатыда да қаралуы мүмкін. Сонымен қатар, жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша соттардың іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарымдары, сондай-ақ төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхатты және төрелік шешімді мәжбүрлеп орындату туралы арызды қарау нәтижелері бойынша соттың ұйғарымдары қайта қаралуы мүмкін. Алайда, бірінші сатыдағы соттың істі мәні бойынша шешпеген өзге де актілері (мысалы, талап қою арызын қабылдаудан бас тарту туралы ұйғарым, талап қою

арызын қайтару туралы ұйғарым, процестік мерзімді қалпына келтіру туралы немесе қалпына келтіруден бас тарту туралы ұйғарым, сот шешімін түсіндіру туралы ұйғарым, жеке ұйғарым) жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарауға жатпайды.

АПК-нің 455-бабы бірінші бөлігіне сәйкес, жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша сот актісі тұтастай қайта қаралуға тиіс. Ол дегеніміз сот актісінің қандай да бір жеке-леген бөлігін қайта қарау туралы (мысалы, сот актісін қарсы талап бойынша, бір немесе бір іс жүргізуге біріктірілген бірнеше талаптар бойынша қайта қарау туралы) арыз қайтарылуға жатады. Сондай-ақ, заңды күшіне енген сот актісі жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қаралуға жатпайды.

АПК-нің 226-бабы екінші бөлігіне сәйкес, шешім кіріспе, сипаттау, уәждеу және қарар бөліктерінен тұруы керек. Шешімнің уәждеу бөлігінде, атап айтқанда, істің сот анықтаған мән-жайлары; соттың құқықтар мен міндеттер туралы түйіндері негізделген дәлелдемелер; соттың ол немесе өзге дәлелдемелерді қабылдамау дәлелдері және сот басшылыққа алған заңдар қысқаша көрсетілуге тиіс. Жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар, істі бастапқы қарау кезінде белгісіз бола отырып, сот шешімінің уәждеу бөлігінде көрсетіле алмады, сондықтан оны қайта қарау кезінде сот ескереді және уәждеу бөлігінде көрсетіледі. Бұл жағдайда жаңа шешім әрқашан бұрын қабылданған шешімнен өзгеше болады.

Заң шығарушы қайта қараудың өзін «жаңадан ашылған мән-жайлар», «жаңа мән-жайлар» деп екіге бөліп қарастырған. Жаңадан ашылған деп – іс бойынша сот актісін қабылдау кезінде болған мән-жайлар түсініледі, ал жаңа деп – сот актісі қабылданғаннан кейін пайда болған, бірақ істің дұрыс шешілуі үшін маңызды мән-жайлар түсініледі. Осылайша, аталған жағдайларды ажырата білу өте маңызды. Көп жағдайларда арыз беруші оларды ажырата алмай «жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау» туралы арызды ұсынып жатады. Барлығымыз білетіндей, заңгерлер нақтыланған сөздерді қолданатынын, мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арызды қай негіздері бойынша қайта қарау қажет екенін көрсетпеу, өз кезегінде белгілі бір қиындықтар туғызатыны анық.

Іс жүзінде жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау бойынша іс жүргізуге бастама жасай отырып, өтініш беруші

көбінесе осы сот актісінің апелляция немесе кассация арқылы күшін жою мүмкіндігі таусылған жағдайларда, сот актісінің күшін жою мақсатын көздейді.

Жаңадан ашылған мән-жайларға ұқсас, кез келген жаңа мән-жай заңды күшіне енген сот актісін қайта қарау үшін негіз болып табылмайды. Мысалы, АПК-нің 240-бабының жетінші бөлігінде көзделген жағдайда мерзімдік төлемдерді өндіріп алатын шешім заңды күшіне енгеннен кейін төлемдердің мөлшерін анықтауға немесе олардың ұзақтығына ықпал ететін мән-жайлар өзгерсе, тараптардың әрқайсысы жаңа талап қою арқылы мерзімді төлемдердің мөлшері мен мерзімдерін өзгертуді талап етуге құқық береді.

Арызды ол соттың іс жүргізуіне қабылданғаннан кейін АПК-нің 460-бабында көзделген тәртіппен қайта қарау туралы арыз жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша берілген сот актісін шығарған сот қарайды. Мұндай сот деп, сот актісін шығарған бірінші сатыдағы соттың судьясы, сондай-ақ, іс бойынша жаңа процестік шешім шығара отырып, сот актісін өзгерту немесе оның күшін жою туралы қаулы шығарған апелляциялық және кассациялық сатылардағы соттардың алқалы құрамдары түсініледі (АПК-нің 35-бабы).

Кассациялық сатыдағы сот апелляциялық сатыдағы сот ұйғарымының, қаулысының күшін жойған және бірінші сатыдағы соттың ұйғарымын, шешімін күшінде қалдырған жағдайда, қайта қарау туралы арыз бірінші сатыдағы сотта қаралады. Апелляциялық және кассациялық сатылардағы соттар өзгеріссіз қалдырған бірінші сатыдағы соттың ұйғарымын, шешімін қайта қарау туралы арызды шығарған сот қарайды, арызды дәлелді себептермен (мысалы, демалыс, науқастану, өкілеттіктердің тоқтатылуы) қарай алмайды, Жоғары тұрған сот оны мәні бірдей басқа соттың судьясының қарауына шаралар қолдануға міндетті.

Егер қайта қарау туралы арыз берілген сот актісін шығарған соттың алқалы құрамына кірген судьялар оны дәлелді себептермен қарай алмаса, онда арызды сол соттың басқа судьяларынан тұратын алқалы сот құрамы қарауы мүмкін.

Заңды күшіне енген сот актілерін, жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арызды тараптар және іске қатысқан басқа адамдар немесе прокурор ғана бере алады. Қайта қарау туралы арызбен жүгіну құқығы АПК-нің 53-бабының

тәртібімен іске қатысқан адамдарың процестік құқық мирасқорларына да тиесілі. Көрсетілген құқықтық нормаларды тура түсіндіру заңда бекітілген өтініш берушілердің тізбесі жабық болып табылады және кеңінен түсіндіруге жатпайды деген қорытындыға әкеледі.

Іске қатысуға тартылмаған адамдардың қайта қарау туралы арыз беруге құқығы болмайды. Егер заңды күшіне енген сот актісінде аталған адамдардың құқықтары мен міндеттері туралы мәселе шешілген болса, олар АПК-нің 126-бабының тәртібімен апелляциялық шағым беру үшін процестік мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішхат беруге құқылы.

Жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша күші жойылғаннан кейін, істі іс жүргізу қағидалары бойынша қайта қарайды. Үшінші тұлғалардың осы кезеңде, оларды іске үшінші тұлға ретінде тарту туралы өтініш білдіруге құқығы бар. Сондықтан, мұндай жағдай осы тұлғалардың құқықтарына нұқсан келтірмейді және жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арызды қанағаттандырғаннан кейін оларды іске қатысу мүмкіндігінен айырмайды. Сонда да, іске қатыспаған адамдарға шағым жасау мүмкіндігін бергені дұрыс деп есептеймін.

Сот актілеріне шағым жасаудың жалпы тәртібіне қарағанда, өтініш берушілер Салық кодексінің 541-бабының 14) тармақшасына сәйкес тиісті өтініш бергені үшін мемлекеттік баж төлеуден босатылады. Көп жағдаларда, тараптар заңды күшіне енген сот актісін кассациялық тәртіппен шағым жасағанда төлеуі тиіс мемлекеттік бажды, төлеуден жалтару мақсатында, жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы өтінішпен жүгініп жататыны анық. Алайда, біздің фемидә өкілдері заңдарға сүйене отырып және ішкі сенімімен бағалау арқасында, мән-жайдың жоқтығына байланысты қайтарып, кассациялық тәртіппен жүгіну керектігін көрсетіп жатады.

Сот актісінің шығарылған уақытының мерзіміне байланысты жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарауға шектеу жоқ, ол формальды тұрғыдан белгілі бір өмірлік жағдайларда бес, он және одан да

көп жылдан кейін қайта қарау үшін негіз болып табылатын тиісті мән-жайлардың ашылу күнін анықтауға мүмкіндік береді. Демек, қазіргі уақытта сот өтінішті қанағаттандырудан бас тартуға негіз жоқ, мысалы, үш айлық мерзім өткізілмеген немесе сот қалпына келтірген жағдайда, шағым жасалған сот актісі қабылданғаннан кейін біраз уақыттың өтуі. Бірақ, сот істерінің сақталу уақытына байланысты іс материалдары белгілі мерзімдерден кейін жойылуға жатады және толыққанды құжаттарының болмауы істі мәні бойынша қарауға кедергі келтіруіне байланысты белгілі мерзімді шектеу қою керек деп ойлаймын.

Зерттеліп отырған мәселе бойынша заңдар мен ғылыми әдебиеттерді жан-жақты талдау мен саралаудың нәтижесінде төмендегі тұжырымдарға келдім.

Заңды күшіне енген сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде, жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арыз қаралады, ол қанағаттандырылған жағдайда іс бойынша бұрын қабылданған сот актісінің күшін жоюға әкеп соғады. Екінші кезеңде, сот актісі жойылғаннан кейін іс қайта қаралады, ол іс бойынша жаңа сот актісін қабылдаумен аяқталады.

Қолданыстағы АПК зерттелетін іс жүргізудің бірінші кезеңіне ғана назар аударады. Екінші кезең, талап қою тәртібімен іс жүргізудің ережелеріне сәйкес жүзеге асырылса да, оның жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жағдайдың пайда болуына байланысты өзіндік ерекшелігі бар. Бұл кезең іс жүргізу заңнамасымен неғұрлым егжей-тегжейлі реттелуге тиіс, өйткені, сот істе бар дәлелдемелерді осы жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайларды ескере отырып зерттеуге және бағалауға және осы мән-жайларды бұрын жиналған дәлелдемелермен салыстыруға тиіс.

Азаматтық процестерде жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау жөніндегі іс жүргізуді реттейтін нормалар одан әрі жетілдіруді қажет етеді деген тұжырымға келдік.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // <http://adilet.zan.kz>

«Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі» 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz>

БАСҚАРУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ПРОЦЕСТЕР

(құқықтық реттеу теориясы мен перспективасы)

Қазақстанда жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс өз жұмысын бастады. Кодекс мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимыл парадигмасын түбегейлі өзгертеді. Азаматтар мен бизнестің құқықтарын қорғаудың жаңа тетіктері енгізілуде. Енді әкімшілік органдарға қойылатын талаптар «әкімшілік органның кінәлілік презумпциясы» қағидаты негізінде қаралады: өтініш беруші емес, әкімшілік орган сотқа өз шешімінің негізділігін дәлелдеуге мәжбүр болады.



Даурен МАХАМБЕТСАЛИЕВ,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
заң факультетінің магистранты

Құжат «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асырудың маңызды құралына айналды. Кодекстің негізгі мақсаты – мемлекеттік органдармен дауларда жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Басқару процесі әлеуметтік жүйеге мемлекеттік әсердің динамикалық жағын көрсетеді, мемлекеттік басқару тетігінің өзегі ретінде әрекет етеді. Мемлекеттік органдардың практикалық қызметінде бұл тиісті әкімшілік рәсімдерді, басқарушылық іс-әрекеттерді белгілі бір логикалық дәйектілікпен жүзеге асыруға байланысты. Мемлекеттік органдардың мақсаттарын, функциялары мен өкілеттіктерін іске асыру басқару процесімен тікелей байланысты.

Әкімшілік рәсімдер деп ұйымдық іс-әрекеттер мен олардың көмегімен белгіленетін операциялар жиынтығы, олар:

уәкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың мемлекеттік функциялары мен лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыруы кезінде шешімдер қабылдау мен орындау тәртібі және оларды ресімдеу;

мемлекеттік аппараттың жұмысын ұйымдастыру рәсімдері;

азаматтардың өз құқықтарын іске асыру жөніндегі өтініштерін қарау рәсімдері, сондай-ақ, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін әкімшілік қорғау рәсімдері.

Заңнамада дербес рәсімдер ретінде экономика саласында шешімдер қабылдау рәсімдері белгіленген. Көрсетілген әкімшілік рәсімдер өзге де заңнамалық актілермен реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасы Президентінің, мемлекет басшысының қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың, Қазақстан Республикасы Үкіметіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың қызметінде қолданылады. Президент; Парламент палаталарының, Орталық сайлау комиссиясының, Конституциялық Кеңестің, Жоғарғы Соттың және республиканың басқа да соттарының аппараттары; Үкімет, Премьер-Министрдің Кеңесі, орталық атқарушы органдар; жергілікті өкілдік органдардың, сондай-ақ, республиканың жергілікті

атқарушы органдарының аппараттары [1].

Сонымен бір мезгілде көрсетілген әкімшілік рәсімдердің күші азаматтардың өтінішін және қарау тәртібі әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада, қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген өзге де істерге қолданылмайды. Бұл сондай-ақ, дайындау рәсімі өзге заңнамалық актілерде көзделген нормативтік құқықтық актілерге де қатысты. Ақырында, осы Әкімшілік рәсімдер стратегиялық, бюджеттік және индикативтік жоспарлау түрлеріне қолданылмайды, оларды жүзеге асыру тәртібі арнайы заңнамалық актілермен белгіленеді.

Әкімшілік рәсімдер мынадай қағидаттарға негізделеді:

Заңдылық;

төменгі мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың жоғары тұрған органдар мен лауазымды адамдарға бағынуы;

заң мен сот алдында баршаның теңдігі;

азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының басымдығы, азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін қарау кезінде төрешілдік пен сөзбұйдалық көріністеріне жол бермеу;

Әкімшілік рәсімдерінде көзделген іс-әрекеттер мен актілердің барлық азаматтар, ұйымдар мен лауазымды адамдар үшін міндеттілігі;

Жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің өзара жауапкершілігі.

Басқару процесіне мемлекеттік басқару мазмұнының барлық элементтері, мемлекеттік органдардың құзыреті тартылады, басқару функцияларын іске асыру және мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі операциялардың практикалық бағыты ашылады [2]. Бұл ретте мемлекеттік органдар қызметінің функцияларын, әдістері мен нысандарын белгілі бір реттілікпен көрсетеді. Басқару теориясында басқарушылық қызметтің кезеңділігі әдетте «басқару циклінің кезеңдері» деп аталады. Бұл өз бірлігінде басқару процесінің толық циклін құрайтын тығыз байланысты Басқару әрекеттерінің (операцияларының) логикалық реттілігін білдіреді.

Бір жағынан, басқару циклі оның сатыларының уақытша реттілігімен сипатталады, ал екінші жағынан – мемлекеттік органның нақты функцияларын жүзеге асыруды қамтиды.

Басқару циклінің бастапқы кезеңі ретінде басқару шешімдері жиі қойылады. Алайда, басқару тәжірибесі басқару циклі әлдеқайда ертерек басталатынын көрсетеді. Шешімдер әртүрлі негіздер бойынша және белгілі бір проблемалық жағдайларды шешу мақсатында қабылданатыны белгілі. Шешім қабылданғанға дейін басқару мақсатына қол жеткізу құралдары мен жолдары (ұйымдастырушылық, ресурстық және т.б.) анықталады, іс-қимыл бағдарламасы әзірленеді. Бұл алдын ала жұмыс өзінің логикалық толықтығын алған кезде, ол басқарушылық шешімге енеді. Бұл жағдайда шешім тиісті орындаушылардың әрекеттерін, қажетті нұсқамаларды, орындау мерзімдерін және т. б. анықтайды.

Осы жағдайды ескере отырып, басқару циклінің келесі реттілігін ұсынуға болады:

Проблемалық жағдай және оны талдау. Басқару циклінің осы бастапқы кезеңі қоғам дамуының, оның тіршілік әрекетінің жекелеген салаларының (экономика, әлеуметтік сала, әкімшілік-саяси құрылыс), салалар мен нақты басқару объектілерінің өзекті проблемаларын анықтаумен байланысты. Практикалық тұрғыда проблемалық жағдайлар тиісті мемлекеттік органдардың функцияларымен міндетті түрде қамтылады. Мемлекеттік органдар деңгейінде, олардың құзыретін ескере отырып, өзекті жағдайларды талдау және тиісті басқарушылық шешімдерді іздеу жүзеге асырылады.

Мақсат қою. Бұл кезең мемлекеттік басқарудың нақты мақсатын тұжырымдаумен байланысты. Мақсат қоғамдық даму қажеттіліктерін, жекелеген салаларды, салаларды, басқару объектілерін, сондай-ақ, мемлекеттік басқару субъектісінің әлеуетті мүмкіндіктерін алдын ала талдау негізінде қойылады. Басқаша атап айтқанда, әлеуметтік практиканың қажеттіліктері мемлекеттік басқару мақсаттарымен барабар жүйесін қалыптастырудың негізі болып табылады [3].

Жоғарыда айтылғандай, мемлекеттік басқарудың мақсаттары басқарылатын объектілердің болашақ жағдайының прототипі болып табылады, көзделген жоспарларды жүзеге асырудың «соңғы нүктесі» бар. Осыған байланысты қойылған мақсаттардың дәлдігі мен орындалғаны үшін мемлекеттік органдардың рөлі мен жауапкершілігі артады. Бұл жағдайда субъективті фактор шешуші рөл атқарады, өйткені бұл, басқару мақсаттарын қоюға және негіздеуге жауапты адамдардың кәсіби дайындық деңгейіне байланысты.

Мемлекеттік практикада мақсат қою процесі қоғамдық қажеттіліктердің құрылымын айқындаумен және оларды белгілеудің саяси-құқықтық нысандарымен, мемлекеттік органдардың құзыретіне, аумақтық және уақытша параметрлерге қарай басқару мақсаттарының иерархиялық құрылуымен, қабылдау және ресми жариялау рәсімімен байланысты. Мемлекеттік аппарат деңгейінде мақсаттар нақты (пәндік) сипатқа ие болады. Мемлекеттік басқару мақсаттарының құрылымы, төмен тұрған деңгейлердің мақсаттары, жоғары деңгейдегі мақсаттармен, ал сайып келгенде мемлекет пен қоғамды дамытудың стратегиялық мақсатымен келісілуге тиіс пирамидалық түрге ие, олардың бағыныстылығына құрылған.

Мақсатқа жетудің жолдары мен құралдарын таңдау. Басқару циклінің осы сатысының мақсаты мемлекеттік басқару субъектісі барлық қажетті жолдар мен құралдарды іздеумен байланысты ұйымдастырушылық іс-әрекеттерді қабылдайды, олардың көмегімен алға қойылған мақсатқа одан әрі қол жеткізуге болады. Бұл, ең алдымен, мақсатты іске асыруды кадрлармен қамтамасыз етуге қатысты.

Жекелеген мәселелерді шешудің және тұтастай алғанда, мемлекеттік басқарудың деңгейі мен сапасы көбінесе басшыларға, олардың біліктілігіне, тәжірибесіне, біліміне байланысты болады. Сондықтан мамандарды іріктеу, оларды оқыту, ұтымды орналастыру қабылданған шешімдердің тиімділігі мен тиісінше қойылған мақсаттардың маңызды шарты болып табылады.

Мақсатқа жетудің барлық мүмкін жолдары мен құралдарын таңдау неғұрлым толық және ұтымды жасалса, басқару циклінің келесі кезеңдерін сапалы жүзеге асырудың қажетті алғышарттары қаланатыны анық.

Іс-қимыл бағдарламасын әзірлеу. Мақсатқа жетудің мүмкін жолдары мен құралдарын таңдау бойынша алдын ала жұмыс аяқталған кезде, келесі іс-қимыл бағдарламасын әзірлеу үшін жинақталған материалды ретке келтірумен байланысты келесі кезең басталады. Бағдарлама ұйымдастырушылық іс-әрекеттің нақты сипатына ие болады. Онда басқарушылық шешім қабылдау үшін барлық қажетті компоненттер бар.

Бағдарлама негізінен шешімді әзірлеу үшін «құрылыс материалы» болып табылады. Басқарушылық ықпал ету объектісі мен реттеу нысанын анықтаумен басқарушылық шешім қабылдауға дайындық жұмыстары аяқталады. Бұл жұмыстың нәтижесі болашақ нормативтік (жеке) құқықтық актінің жобасы болып табылады.

Басқарушылық шешім қабылдау, бұл басқару циклінің негізгі кезеңі. Ол басқару процесінің барлық мағынасын шоғырландырады және оңтайлы шешім табуға бағытталған әртүрлі процедураларды қамтиды. Сондықтан басқарушылық шешімді дайындау және қабылдау мәселесі кең ғылыми әдебиетке арналғаны кездейсоқ емес. Бұл ретте басқарушылық шешімдерді дайындау мен қабылдаудың әдіснамалық, ақпараттық, рәсімдік және басқа да аспектілері талданады. Басқару циклінің осы кезеңіндегі ең бастысы-әлеуметтік тәжірибенің қажеттіліктеріне, басқарылатын объектілердің қажеттіліктеріне сәйкес келуі үшін басқарушылық әсердің ықтимал мүмкіндіктерін шешудегі максималды қамту.

Бұл жерде белгіленген әкімшілік рәсімдерді қатаң сақтау, басқарушылық циклдің алдыңғы кезеңдерінің материалдарын пайдалану; басқарушылық персоналдың тәжірибесі мен зияткерлік әлеуетін барынша пайдалану үшін қабылданатын шешімдердің жобаларын алдын ала кеңінен талқылау маңызды.

Шешімнің орындалуын ұйымдастыру. Бұл

кезең мемлекеттік басқарудың ұйымдастырушылық мәнімен тікелей байланысты. Бұл кезеңнің мәні уәкілетті мемлекеттік органдардың (лауазымды адамдардың) қабылданған шешімді уақытылы және түпкілікті орындау жөніндегі ұйымдастыру шараларын әзірлеуі мен қабылдауы болып табылады. Басқарушылық шешімнің күрделілігіне және көлеміне қарай оның орындалуын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік орган немесе лауазымды адам оны орындау жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының жоспарын әзірлейді және бекітеді, ол орындаушыларға жеткізіледі.

Егер басқарушылық шешімде оны орындаудың нақты мерзімдері мен тікелей орындаушылары айқындалмаса, оларды шешім қабылдаған мемлекеттік орган немесе жоғары тұрған орган белгілейді және дереу тікелей орындаушылардың назарына жеткізіледі.

Үйлестіру, реттеу, түзету. Бұл кезең сөзсіз бақылау әсерлері есептелген жағдайлар мен жағдайлардың өзгеруіне байланысты туындайды. Осындай өзгерістерді ескере отырып, мемлекеттік басқару субъектісі өзінің ұйымдастырушылық әрекеттерін жаңадан туындаған мән-жайлармен байланыстырады, Шешімді орындау жоспарына (бағдарламасына) түзету енгізеді, өз қызметін басқарудың басқа субъектілерімен үйлестіреді.

Әлеуметтік өмір ұтқыр, үнемі өзгеріп отырады, сондықтан мемлекеттік басқару субъектісі басқару объектілерінде болып жатқан өзгерістер мен процестерді ескере отырып, өз шешімдерін орындауға икемді болуы керек.

Шешімнің орындалуын бағалау. Басқару циклінің бұл кезеңі де маңызды және жауапты. Оның мақсаты басқару қызметінің нәтижелерін талдауды қорытындылау болып табылады. Шешімді іске асыру бойынша мемлекеттік орган атқарған жұмысты қорытындылау негізінде тиісті баға беріледі. Сонымен бірге, алдыңғы басқару циклінің аяқталуы нәтижесінде жаңадан пайда болған басқару жағдайына баға беріледі.

Теория мен басқару практикасында

шешімнің орындалуын бағалау сатысы осы шешімде тіркелген мақсаттардың, тапсырмалардың, іс-шаралардың және т.б. нақты іске асырылуын талдауды; басқарушылық шешімді дайындау процесінде таңдалған мақсаттарға, ресурстарға, ақпаратқа және т.б. қол жеткізудің жолдары мен құралдарын пайдалану дәрежесін; нәтижеге тікелей әсер еткен орындаушылардың ұйымдастырушылық іс-әрекеттері мен іс-әрекеттерінің тиімділігін қамтиды [4].

Жоғарыда айтылғандардың бәріне сүйене отырып, басқару әсерінің нәтижесін де, шешімді дайындау, қабылдау және іске асыру процесіне дейін және бірге жүретін басқару механизмінің барлық элементтерін объективті бағалау қажет. Басқару циклінің алдыңғы кезеңдерінің кез келгенінде жі-

берілген қателіктер басқарушылық қызметтің соңғы нәтижесіне теріс әсер етеді [5]. Сондықтан шешімнің орындалуын бағалау кезеңі болашақта осындай қателіктерді болдырмауға және сәйкесінше басқару процесінің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Басқарушылық қызмет сатыларының әлеуетті мүмкіндіктерін пайдалану қабылданатын шешімдердің сапасын, функцияларды іске асыруды және сайып келгенде мемлекеттік басқару мақсаттарын арттырады. Осыған байланысты, басқару процесінің кезеңдерін зерттеу және шебер қолдану басқарушы кадрлардың кәсіби дайындық деңгейін жоғарылатудың, олардың жұмысының «технологиясын» ретке келтірудің міндетті шарты болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. *Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жыл, 30 тамыз.*
2. *Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі.*
3. *2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI ҚРЗ кодексі.*
4. *Нурмашев У.У. Административное процессуальное право Республики Казахстан. – Алматы: Жеті жарғы, 2013.*
5. *Уваров В.Н. Теория государственного управления. Часть 2. Система государственного управления. – Алматы: КазГЮА. 2001. С. 16-32; 68-137.*
6. *Нурболатов А.Н. Административная юстиция. Сравнительно-правовой анализ: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2014.*
7. *Административная юрисдикция: учебное пособие / С.Н. Бочаров. – М.: Щит-М, 2006.*
8. *Халлберг, Пекка. Административное правосудие как основа функционирования правового государства: [пер. с англ.]. – Алматы; Астана: Academ Press, 2013.*

АҢДАТПА

Әлеуметтік жүйеге басқарушылық әсердің тиімділігі көбінесе мемлекеттік аппараттың жұмысын ұйымдастыруға байланысты. Осыған орай заңнамада және басқару тәжірибесінде әкімшілік рәсімдер деп аталатын қағида қалыптасты. Оның мақсаты басқару қызметін ұйымдастыруды жетілдіруге, мемлекеттік органдардың үздіксіз жұмыс істеуін және олардың өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге, басқарушылық шешімдерді жедел қабылдауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтауға, мемлекеттік мүдделерді қорғауға ықпал ету болып табылады. Осының барлығы басқару процесінің құрылымы мен мазмұнын, мемлекеттік органдардың практикалық қызметі «технологиясының» сипаты мен ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді.

МОРАЛЬДЫҚ ШЫҒЫНДЫ ӨНДІРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы және нарықтық қатынастардың қарқынды дамуы жағдайында ел соттарына моральдық зиянды өтеу туралы талап арыздардың көптеп түсетіні белгілі. Бұл санаттағы істер сот тәжірибесіндегі даулы тақырыптардың бірі.



А.НҰРҒАЛИЕВА,
Ақтөбе қалалық сотының судьясы

Моральдық зиян және жеке мүліктік емес құқықтарды қорғау туралы талап арыздар бойынша оны өтеу мәселесі практик-заңгерлердің ерекше назарында. Бұл жеке тұлғаны әлеуметтік және қолсұғылмаушылықтан қорғаумен тікелей байланысты.

Моральдық зиянға қатысты санат біздің заңнамада кейіннен пайда болды. Социалистік қоғамда моральдық зиян өтелуге мүлдем жатпайды деп есептелді. Азаматқа келтірілген моральдық зиянды (физикалық немесе моральдық азапты) жалпы құқықтық норма ретінде материалдық нысанда өтеу біздің заңнамада 1991 жылғы 31 мамырдағы КСР Одағы мен республикалардың Азаматтық заңнамасының негіздері (әрі қарай-Негіздер) қолданысқа енгізілгеннен кейін 1992

жылғы 1 қаңтардан бастап пайда болды. Моральдық зиянды өтеу жоғарыда аталған негіздердің 131-бабында көзделген және ол қазіргі уақытта да өз күшін сақтайды, оның нормалары ҚР Азаматтық кодексінің (әрі қарай-АК) 951-952-баптарында қамтылған.

Бұл нормада алғаш рет моральдық зиян ұғымын анықтау, сондай-ақ, оны өтеудің шарттары мен тәсілдерін бекіту қарастырылған. Негіздердің 131-бабында азаматқа физикалық және моральдық азап келтіру ретінде анықталған. Моральдық зиянның осы бастапқы сипаттамасында оның тек жеке адамға ғана келтірілетін зиян екенін түсіндіріп өткен, өйткені, физикалық және моральдық азапты тек жеке тұлға ғана сезіне алады, бірақ заңды тұлға болып табылатын

әлеуметтік қауымдастық емес. Моральдық зиянды өтеу шарттарына келетін болсақ, бұл зиян келтіретін әрекеттердің заңсыздығымен және зиян келтірушінің кінәсімен қатар жүреді.

АК-нің 951-бабы моральдық зиян – жеке тұлғалардың өзіндік мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуы, кемсітілуі немесе олардан айырылуы, оның ішінде өзіне қарсы құқық бұзушылықтың жасалуы салдарынан жәбірленушінің, ал осындай құқық бұзушылық салдарынан ол қайтыс болған жағдайда – жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) басынан кешірген (төзімін тауысқан, уайымға салған) жан азабы немесе тән азабы (қорлау, ызаландыру, қысым жасау, ашуландыру, ұялту, түңілту, тән қиналуы, залал шегу, қолайсыз жағдайда қалу және т.б.) деп анықтама берген.

АК-нің 115-бабына сәйкес мүліктік және жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтар азаматтық құқық объектілері бола алады. Осының ішінде жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтарға – жеке адамның өмірі, денсаулығы, қадір-қасиеті, абырой, игі атақ, іскерлік бедел, жеке өмірге қол сұқпаушылық, жеке құпия мен отбасы құпиясы, есім алу құқығы, автор болу құқығы, туындыға қол сұқпаушылық құқығы және басқа да материалдық емес игіліктер мен құқықтар жатады.

Бұзылуы, айырылуы немесе кемуі жәбірленушіге моральдық зиян келтіруге әкеп соғуы мүмкін жеке мүліктік емес құқықтар мен игіліктер деп азаматқа игіліктің туылуынан немесе заңға сәйкес тиесілі, оның жеке басымен тығыз байланысты құқықтарды түсіну керек. Адамға туғаннан бастап тиесілі игіліктерге өмірді, денсаулықты, ар-намысты, бостандықты, жеке адамның қол сұқпаушылығын, ал азаматтың құқықтарына – тұрғын үйге немесе меншікке қол сұқпау құқығы; жеке және отбасылық құпияға құқығы, телефон, телеграф хабарларының және хат алмасулардың құпиясы сияқты құқықтарды жатқызған жөн; есімін пайдалану құқығы; бейнеленуге құқық; авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңдарда көзделген авторлық құқық пен басқа да жеке мүліктік емес құқықтар; жүріп-тұру бостандығына және тұрғылықты жерін таңдауға құқық; анық ақпарат алу құқығы, сондай-ақ, республиканың заң актілерінде

көзделген басқа да құқықтарды жатқызамыз.

Моральдық зиян деп құқыққа қарсы бұзушылық, өзіне тиесілі жеке мүліктік емес құқықтар мен игіліктерді кемсіту немесе одан айыру нәтижесінде азаматтың басынан кешірген адамгершілік немесе тән азабын түсіну керек. Бұл сезімдер, мысалы, жәбірленушінің өзінің де, оның жақын туыстарының да (ата-анасының, жұбайының, баласының, аға-інісінің, апа-сіңлісінің) өмірі мен денсаулығына қарсы қол сұғушылықтан туындауы мүмкін; бас бостандығынан не еркін жүріп-тұру құқығынан заңсыз айыру немесе шектеу; денсаулығына зиян келтірумен, оның ішінде адам денесінің ашық бөліктерін тыртықтармен бүлдірумен; отбасылық, жеке немесе дәрігерлік құпияны ашумен; хат жазысу, телефон немесе телеграф хабарларының құпиясын бұзумен; азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратумен; есімге, бейнеге құқықты бұзумен; оның авторлық және сабақтас құқықтарын бұзумен және т.б. құқыққа қарсы зорлық-зомбылықпен немесе денсаулыққа зиян келтірумен байланысты азаматтың басынан өткеретін физикалық азабы деп ұғындырылады.

Жалпы жағдайда, моральдық зиянды өтеу жөніндегі міндеттеме бір мезгілде келесі шарттар болған кезде туындайды: 1) моральдық зияннан өту; 2) зиян келтірушінің заңсыз іс-әрекеті; 3) заңсыз әрекет пен моральдық зиян арасындағы себептік байланыс; 4) зиян келтірушінің кінәсі.

Бірінші шарт – моральдық зиянның болуы, яғни, физикалық және моральдық азаптан туындаған адамдағы психикалық жағымсыз өзгерістер. Бұл жағдайда «моральдық зиян презумпциясы» қағидаты қолданылады, оның мазмұнын былайша тұжырымдауға болады – «өзіне қатысты заңсыз іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) жасалған кез келген жеке тұлға, егер іс-әрекетті жасаған адам керісінше дәлелдемесе, моральдық зиян шеккен деп танылады».

Моральдық зиян келтіргені үшін жауапкершіліктің екінші шарты – заңсыздық. Жәбірленушінің моральдық зиянды өтеу құқығын тудыратын іс-әрекеттердің түрлеріне қатысты, бұл әрекеттердің қажетті белгісі олардың азаматтың мүліктік емес құқықтары мен артықшылықтарын бұзуы

болып табылады. Мұндай құқықтар мен игіліктер иеліктен шығарылмайтындықтан және басқа жолмен берілмейтіндіктен, олар мәміле нысаны бола алмайды, осыған байланысты моральдық зиян келтіруден туындайтын міндеттемелер көп жағдайда тараптар арасында азаматтық-құқықтық шарттық қатынастар болмаған кезде туындайды.

Үшінші шарты – заңсыз әрекет пен моральдық зиян арасындағы себептік байланыс. Жасалған заңсыз іс-әрекет моральдық зиян келтіруге әкеп соғатын басты себеп болуға тиіс. Себептік байланыстың болуы әрдайым оңай бола бермейді.

Жалпы жағдайда, моральдық зиян үшін жауапкершілік зиян келтірушінің кінәсі болған кезде туындайды. Бұл төртінші шарт. Кінә, яғни, зиян келтірушінің заңсыз әрекеттері мен олардың салдарына психикалық қатынасы ниет түрінде де, немқұрайлылық түрінде де көрінуі мүмкін. Сондай-ақ, АҚ-нің 951-бабының 3-тармағында зиян келтірушінің кінәсіне қарамастан моральдық зиянды өтеу жағдайлары қарастырылған.

Азаматтардың жоғары қауіптілік көзінен келтірілген моральдық зиянның өтемақысын ақшалай мәнде өндіріп алу туралы талап арыздарын қарау кезінде, егер бұл зиян жәбірленушіге еңсерілмейтін күштің немесе жәбірленушінің пиғылы салдарынан не жоғары қауіптілік көзі зиян келтірушінің құқыққа қарсы іс-әрекеттері нәтижесінде оның заңды иелігінен шығып қалғанына байланысты келтірілгендігін дәлелдей алмаса, жоғары қауіптілік көзінің иесі моральдық зиянды ақшалай мәнде өтеуге міндетті екенін ескеру қажет.

Жәбірленушінің жоғары қауіптілік көздерін қауіпсіздікті пайдалану ережелерін қасақана бұзғанын (иттер мен басқа да үй жануарларын уландыру; хайуанаттар бағындағы және оларды тұтқында ұстайтын басқа да жерлердегі жабайы жануарларды уландыру; өрт қауіпті, жарылғыш, иондаушы және басқа да заттар мен адамның денсаулығы мен өміріне қауіпті заттарды қауіпсіз пайдалану ережелерін бұзу) куәландыратын әрекеттер жәбірленушінің пиғылы деп түсіну керек.

Қауіптілігі жоғары көздің заңды иеленуден шығуы деп қауіптілігі жоғары көздің иесі өзінің еркінен тыс үшінші тұлғалардың

әдеттегі жағдайларда қауіптілігі жоғары көзді пайдалану мүмкіндігін болдырмайтын ақылға қонымды және жеткілікті шаралар қабылдаған жағдайды түсіну керек.

Жоғары қауіптілік көзін құқыққа қайшы иемденген адамдар жәбірленушіге моральдық зиян келтірген жағдайда, моральдық зиянды өтеу жөніндегі міндетті осындай зиян келтірген адамдар көтереді. Егер жоғары қауіптілік көзі заңды иеленуден шығып қалса және оның иесінің кінәсі болса, онда келтірілген моральдық зиян үшін жауапкершілік үлестік тәртіппен тікелей моральдық зиян келтірушіге де, жоғары қауіптілік көзінің иесіне де жүктеледі.

«Сақтандыру қызметі туралы» заңға және автокөлік құралы иесінің немесе тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес сақтанушының жәбірленушіге моральдық зиян келтіргені үшін жауапкершілігі сақтандырылмайды. Сақтандыру ұйымдарына сақтандыру жағдайының басталуына байланысты үшінші тұлғаларға моральдық зиянды өтеу міндеті жүктелмейді. Сақтандыру жағдайы туындаған кезде келтірілген моральдық зиянды өтеу жөніндегі міндет автокөлік құралының иесіне немесе тасымалдаушыға жүктелуге тиіс.

АҚ-нің 952-бабының 1-тармағына сәйкес моральдық зиян ақшалай нысанда өтеледі, осыған байланысты моральдық зиян көбінесе мүліктік зиянға қарағанда анағұрлым сезімтал және жәбірленушінің қатты зардап шегетінін атап өткім келеді. Ол, осылайша, өтелуі мүмкін емес, бірақ ол кем дегенде қандай да бір жолмен өтелуі мүмкін. Жәбірленушінің психикалық жағдайын қалпына келтірудің басқа тәсілі болмағандықтан, бұл әдіс ақшалай нысанда жүзеге асырылады. Моральдық зиянды өтеу белгілі бір дәрежеде құқық бұзушылықтың қолайсыз салдарын жоюға мүмкіндік береді, жоғалған игіліктің орнына басқасын алуға ықпал етеді.

Сот практикасында үнемі туындайтын даулы мәселелердің бірі моральдық зиянды өтеу мөлшерін анықтау болып табылады. Сонымен, моральдық зиянның маңызды ерекшелігі – теріс өзгерістердің өзі жәбірленушінің санасында болады. Моральдық зиянды өтеу мөлшерін анықтау мәселесі

бойынша көптеген көзқарастар бар. Оның мөлшерін анықтау кезінде жәбірленушінің жеке ерекшеліктерін ескеру керек деп санаймын. Жоғарыда айтылғандай, моральдық зиян физикалық немесе моральдық азап нәтижесінде пайда болады. Физикалық азап бұл таза физиологиялық жағдай, сондықтан әр түрлі адамдарда ауырсыну шегі, физикалық ауырсынуға төтеп беру қабілеті әртүрлі.

Моральдық азапты теріс эмоциялар жиынтығы ретінде анықтауға болады – қорқыныш, қорлау, реніш және т.б. мұндай психикалық реакциялардың дәрежесі мен тереңдігі психиканың жеке ерекшеліктеріне, ақыл-ойдың даму деңгейіне, жәбірленушінің өзін-өзі бағалауына, сондай-ақ, жәбірленушінің құндылықтар жүйесіндегі моральдық зиян келтіретін объектінің жағдайына байланысты. Демек, моральдық зиянды өтеу есебінен өндіріп алынатын ақша сомасының мөлшері физикалық немесе моральдық азап деңгейіне тікелей пропорционалды, олардың сипаты өз кезегінде жәбірленушінің жеке ерекшеліктеріне байланысты болады. Бұдан басқа, моральдық зиянды өтеу мөлшерін айқындау кезінде жекелеген жағдайларда осындай зиян келтірілген адамның материалдық жағдайы да ескеріледі. Бұл жағдайда жәбірленушінің материалдық жағдайын ескеру қажеттілігі өтелетін зиянның ерекшелігіне байланысты. Моральдық зиянды өтеу – жәбірленушіге оның физикалық немесе моральдық азаптарына сәйкес келетін оң эмоцияларды қалпына келтірілген қаражат есебінен сезінуге мүмкіндік беру.

Моральдық зиянды өтеу, әсіресе, ақшалай өтемақы мөлшерін анықтау кезінде мәселелер туғызады. Зиянды келтіргені үшін жауапкершілік өтемдік-айыппұлдық сипатқа ие. Ақшамен немесе басқа материалдық түрде азапты бағалау мүмкін емес. Моральдық зиянның дәлелі субъективті болып келеді, көбіне талап қоюшы сотта өз талаптарын кейде еш құжаттармен растай алмайды, тек «қорлау, ұят, қолайсыздық және т.б. жағдайлармен келтіреді. «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашады №7 нор-

мативтік қаулысында (парасаттылық пен әділдік қағидаты) белгіленген мөлшерді айқындау қағидаттарын ескере отырып, істі қарайтын соттың қарауына моральдық зиянды өтеу мөлшерінің анықтамасын белгілейді. Осындай қағидаттарды мұқият әзірлеу құқықтың ең өзекті қажеттіліктерінің бірі болып табылады. Құқық қолдану практикасында біркелкілікті белгілеу үшін қабылдауы мүмкін үйлесімді тұжырымдама жоқ.

Сот практикасында соттар аталған нормативтік қаулының 7-тармағын басшылыққа алады, мұнда моральдық зиянды ақшалай мәнде өтеу мөлшерін айқындау кезінде азаматтың өзіне келтірілген адамгершілік немесе тән азабының ауырлығын субъективті бағалау да, бұл туралы куәландыратын объективті деректер де назарға алынады, атап айтқанда:

- жеке мүліктік емес құқықтар мен игіліктердің (өмір, денсаулық, еркіндік, тұрғын үйге қол сұқпаушылық, жеке және отбасылық құпия, ар-намыс және т. б.) өмірлік маңыздылығы;

- жәбірленуші бастан кешіретін адамгершілік немесе тән азабының дәрежесі (бас бостандығынан айыру, дене жарақатын келтіру, жақын туыстарын жоғалту, еңбекке қабілеттілігін жоғалту немесе шектеу және т. б.);

- моральдық зиянды өтеу үшін оның болуы қажет болған кезде зиян келтірушінің кінәсінің нысаны (ниеті, абайсыздығы). Сондай-ақ, сот моральдық зиянды ақшалай өтеудің мөлшерін айқындау кезінде іс материалдарымен расталған басқа да мән-жайларды, жәбірленушіге келтірілген моральдық зиян үшін жауаптылықта болатын азаматтың отбасылық және мүліктік жағдайын назарға алуға құқылы.

Осылайша, еліміздің заңнамасындағы, сот практикасындағы моральдық зиянды өтеу институтының қағидаттық ережелерін қарап, талдай отырып, бұл құқықтық институт, жеке мүліктік емес сипаттағы осындай құқықтар мен игіліктерді қорғау үшін маңызды мәнге ие деген тұжырым жасауға болады.

ӘКІМШІЛІК ПРОЦЕСКЕ ҚАТЫСУШЫ ӨЗГЕ АДАМДАРДЫҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ



Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 26-бабының ережесі бойынша, талап қоюшы, жауапкер, мүдделі тұлға және прокурор әкімшілік процеске қатысушылар болып табылады. Ал, Қазақстан Республикасының Азаматтық про-

цестік кодексінің 43-бабында іске қатысушылардың құрамы жөнінде: тараптар, үшінші тұлғалар, прокурор, мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар немесе осы кодекстің 55 және 56-баптарында көзделген негіздер бойынша процеске кіретін азаматтар; 302-бапта санамаланған сот ерекше іс жүргізу тәртібімен қарайтын істер бойынша мәлімдеушілер мен өзге де мүдделі адамдар іске қатысатын адамдар деп танылатындығы көрсетілген, яғни, аталған заңдарда іске қатысушыларға қатысты айырмашылықтар бар.

Әкімшілік істер бойынша прокурордың іске қатысу ерекшеліктері, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 31-бабымен бел-

гіленген. Осы нормаға тоқталсақ, әкімшілік істер бойынша заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығын жоғары қадағалау-

ды мемлекет атынан Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры тікелей де, өзіне бағынысты прокурорлар арқылы да жүзеге асырады. Прокурор өзіне заңда жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында салықтық, кедендік, бюджеттік қатынастардан, табиғи ресурстарды пайдалануға және қоршаған ортаға әсер етуге байланысты шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде қоршаған ортаны қорғау, қалпына келтіру және сақтау, табиғи ресурстарды пайдалану және молайту саласындағы қатынастардан туындайтын әкімшілік істер бойынша, мемлекеттен және мемлекет кірісіне өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындау кезінде мемлекеттік сот орындаушысының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау туралы әкімшілік істер бойынша қорытынды беру үшін, сайлауға, республикалық референдумға қатысатын азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғап, сондай-ақ, әкімшілік акт, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) физикалық, психикалық және өзге де мән-жайларға орай құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін өзі дербес қорғауды жүзеге асыра алмайтын адамдардың немесе шектелмеген тұлғалар тобының құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін шектеуі мүмкін болғанда не прокурордың қатысу қажеттігін сот танығанда процеске кіріседі. Алайда, әкімшілік істің қаралатын уақыты мен орны туралы хабарланған прокурордың келмеуі әкімшілік іс бойынша сот талқылауына кедергі болмайды.

Аталған баптың 3-тармағына сәйкес, прокурор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес: 1) физикалық, психикалық және өзге де мән-жайларға орай құқықтарын мен мүдделерін қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдардың; 2) егер бұл адамдардың өмірі, денсаулығы не Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі үшін орны толмас салдарларды болдырмау үшін қажет болса, адамдардың, қоғамның және мемлекеттің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру және мүдделерін қорғау үшін сотқа талап қоюмен жүгінуге құқылы. Осы бөлік-

тің 2-тармақшасында көзделген жағдайларда, прокурор адамның өтініші мен талап қоюына қарамастан, сотқа талап қоюды бере алады.

Заңда көрсетілгендей, әкімшілік орган, лауазымды адам заңға сәйкес келмейтін әкімшілік актіге, сондай-ақ, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) наразылықты қабылдамаған жағдайда, прокурор талап қоюмен сотқа жүгінеді. Сот қарайтын дауда талап қоюшы немесе жауапкер ретінде прокуратура органдарының мүдделерін білдіретін прокурор тараптардың процестік құқықтары мен міндеттерін пайдаланады. Егер әкімшілік іс прокурордың талап қоюы негізінде қозғалған болса, ол әкімшілік іс бойынша қорытынды бермейді.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 6-тарауындағы 32-35-баптарда әкімшілік іске қатысатын өзге де адамдар көрсетілген, оларға; куә, сапаршы, маман, аудармашы жатады. Сонымен көрсетілген заң талабына сай, әкімшілік іске қатысатын өзге де адамдар: куә бұл – әкімшілік істі қарау және шешу үшін маңызы бар нақты мән-жайлар туралы қандай да бір мәліметтер белгілі болуы мүмкін адам. Мыналар: қарауға өзі қатысқан істің мән-жайлары туралы – судья; өз міндеттерін орындауына байланысты өздеріне белгілі болған мән-жайлар туралы – төреші, алқаби; өкілдің немесе қорғаушының міндеттерін орындауына байланысты өздеріне белгілі болған мән-жайлар туралы – азаматтық іс бойынша өкілдер немесе қылмыстық іс, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша өкілдер, қорғаушылар; тәубаға келу үстінде өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы – діни қызметші; өзінің жасының толмауына не психикалық немесе дене кемістіктеріне орай әкімшілік іс үшін маңызы бар мән-жайларды дұрыс қабылдауға және олар туралы айғақтар беруге қабілетсіз адам; Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, медиацияны жүргізуге байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы – медиатор; ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін жағдайларды қоспағанда, өз қызметін жүзеге асыруға байланысты өзіне

белгілі болған мән-жайлар туралы – ұлттық алдын алу тетігінің қатысушысы; Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген өзге де адамдар куә ретінде жауап алуға жатпайды.

Куәнің өзіне, жұбайына және заңда айқындалатын жақын туыстарына қарсы айғақтар беруден бас тартуға; өзінің ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақтар беруге; әкімшілік сот ісін жүргізуде аудармашының тегін көмегін пайдалануға; өзінен жауап алуға қатысатын аудармашыға қарсылық білдіруді мәлімдеуге; әкімшілік органның лауазымды адамның әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым беруге, өзінің құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне қатысты өтінішхаттар мәлімдеуге құқығы бар. Егер куә өзінің хабардар болу көзін көрсете алмаса, ол хабарлаған мәліметтер дәлелдемелер болып табылмайды. Куә әкімшілік сот ісін жүргізуде көрінеу жалған айғақтар бергені және заңда көзделмеген негіздер бойынша айғақтар беруден бас тартқаны үшін заңда белгіленген қылмыстық жауаптылықта болады.

Сарапшы – арнайы ғылыми білімі бар және сот ӘРПК мен АПК-да көзделген жағдайларда және тәртіппен, нақты әкімшілік іс бойынша мән-жайларды анықтау мақсатында өзінің алдына қойылған және арнайы ғылыми білімді талап ететін мәселелер бойынша сот сараптамасын жүргізу мен қорытынды беруді тапсырған, әкімшілік істе мүдделі емес адам. Сот әкімшілік процеске қатысушылардың өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша сот сараптамасын тағайындайды. Сарапшы көрінеу жалған қорытынды бергені үшін заңда белгіленген қылмыстық жауаптылықта болады. Сот сараптамасы органдарының қызметкері болып табылатын сарапшы өз қызметінің түріне қарай өзінің құқықтарымен және міндеттерімен танысқан деп және көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертілген деп есептеледі.

Сот консультациялар (түсініктер) беру арқылы дәлелдемелерді жинауға, зерттеуге және бағалауға жәрдемдесу және ғылыми-техникалық құралдарды қолдануға кө-

мек көрсету мақсатында сот отырысына немесе процестік әрекеттерге қатысу үшін арнаулы білімі және (немесе) дағдылары бар, әкімшілік істің нәтижесіне мүдделі емес, кәмелетке толған адамды маман ретінде тартуы мүмкін. Сот әкімшілік процеске қатысушылардың өтінішхаты бойынша да мамандарды тартуға құқылы. Әкімшілік процеске қатысушылар соттан арнаулы білімі және (немесе) дағдылары бар нақты адамды маман ретінде тартуды өтіне алады. Маман көрінеу жалған қорытынды берген жағдайда, заңда белгіленген қылмыстық жауаптылықта болады.

Әкімшілік іске мүдделі емес, әкімшілік сот ісін жүргізу жүзеге асырылатын тілді білетін, бір тілден екінші тілге аудару үшін қажетті білімі бар адам не саңыраумен, мылқаумен, керең-мылқаумен қарым-қатынас жасау техникасын еркін білетін адам аудармашы ретінде шақырылады. Аудармашы көрінеу дұрыс емес аударма жасаған жағдайда, заңда белгіленген қылмыстық жауаптылықта болады.

АПК-нің 5-1-тарауы «Істі қарауға қатысатын өзге адамдар» – деп аталады, 56-1 мен 56-4-баптардан тұрады. Осы кодекс бойынша, істі қарауға қатысатын өзге адамдар: консультант, сот отырысының хатшысы, сот приставы, аудармашы болып табылады.

Осы заңдардың айырмашылығына қарасақ ӘРПК нормасы бойынша әкімшілік іске қатысатын өзге де адам – маман, көрінеу жалған қорытынды берген жағдайда, заңда белгіленген қылмыстық жауаптылық көзделген. Ал, азаматтық іске қатысатын маманға байланысты, АПК-да көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылық мәселесі қарастырылмаған.

ӘРПК-нің 1-бабының 3-бөлігінде көзделген талапқа сәйкес, егер осы кодексте өзгеше тәртіп көзделмесе, әкімшілік сот ісін жүргізуде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің ережелері қолданылады.

С.ҚОЙТЕКЕЕВА,
Алматы қаласы мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

ЗАҢ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген
Күәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы (бұрынғы Мичурин) көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: 8727-2-92-43-43, 8727-2-92-79-61 (факс)

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

Теруге 10.4.2022 ж. жіберілді. Басуға 20.4.2022 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 8. Таралым 822.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,
Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:
8 (727) 292 29 27

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:
8 (727) 292 29 27, 292 29 92

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:
8 (727) 292 29 27

Телефоны для рекламы:
8 (727) 292 29 27, 292 40 89

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

БАСПАХАНА МЕКЕНЖАЙЫ:

Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
«Принт Плюс» ЖШС

Адрес типографии:

пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
ТОО «Принт Плюс»